

# ӘУЕЗОВ УНИВЕРСИТЕТІ

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің газеті

ӘУЕЗОВ УНИВЕРСИТЕТІ - БҮГІН

4

ДАРАЛЫҚ ПЕН ДАНАЛЫҚТЫҢ ФЕНОМЕНИ

10

AUEZOV UNIVERSITY ЛИДЕР  
МНОГОПРОФИЛЬНОГО МЕГАОБРАЗОВАНИЯ

28

№3 (215), қараша, 2023 ж.



## Құрметті М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ұжымы, қадірлі әріптестер!

Сіздерді биіктерге қанат сермеп, құлашын кеңге жайған, білім мен ғылымның алтын ордасы саналған М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің 80 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! Университет соңғы 5 жыл ішінде көптеген табыстарға жетіп, халықаралық деңгейдегі іргелі ЖОО-на айналып үлгерді. Мұның барлығы әріптестерім мен профессор-оқытушы құрамының тынымсыз еңбегінің арқасы. 1943 жылы екінші дүниежүзілік соғыстың кең етек алып тұрған кезеңінде негізі қаланған білім ордамыз бүгінгі күнде әлемдік нарықта сұранысқа ие бірегей ЖОО-на айналып отыр. Бүгінгі дәуірде жаһандық бәсекеге қабілетті кадр даярлау күн тәртібінде аса маңызды мәселе болып отыр. Біздің университет сол талапқа толық жауап беретініне мен кәміл сенемін. Университетіміз бүгінгі таңда алдына қойған стратегиялық мақсатты мүлтіксіз жүзеге асырып келеді. Ерен еңбегі мен өмірін осы университетке арнап келе жатқан барша әріптестерімді білім ордамыздың 80 жылдық тойымен шын жүректен құттықтаймын!

Сіздерге зор денсаулық, шығармашылық табыс, еңбекте жеңіс тілей отырып, бізден түлеп ұшқан шәкірттер Тәуелсіз Қазақстанның дамуына зор үлес қоса деген сенімдемін!

Мерейтой құтты болсын!



М.Әуезов атындағы Оңтүстік  
Қазақстан университетінің  
Басқарма Төрағасы – ректор  
Д.П.Қожамжарова



## Құрметті М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ұжымы, қадірлі ғалым-ұстаздар!

Еліміздің жоғары оқу орындары әрдайым қоғамның ғылыми, интеллектуалдық дамуының қайнар көзі болып келеді. Бастауы күрделі кезеңдердің қыртысында жатқан бүгінгі М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті арқашан ел экономикасына білікті мамандар мен ғылыми жаңалықтар беріп отырды. Қалыптасқан озық дәстүрлеріне берік болған, жаңа жаһандық құндылықтарды сіңіре білген білім ордасына биыл 80 жыл толып отыр.

Осы орайда Сіздерді Оңтүстік өңірдің білімі мен ғылымының қара шаңырағы – М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің 80 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің есімін иеленген білім ордасы бүгінде жаһандық бәсекеге қабілетті мамандар даярлау жолында тынымсыз еңбек етуде. Университет соңғы 5 жыл ішінде көптеген жетістіктерге жетіп, биік белестерді бағындырды.

Өңірдің интеллектуалдық потенциалын шоғырландырған ғылым мен білім ордалары бүгінгі күнгі қарқынды көштің соңында қалмауы керек. Мен әуақытта ел экономикасын ғылым мен инновацияға сүйене отырып дамыту логикасын ұсынып келемін. Ғылым – экономикамыздың қуатты, болашағымыздың жарқын болуына жол ашатын пәрменді қару. Осы бағыттағы Сіздердің жетістіктеріңіз көпшілікке мәлім. Бұл Сіздердің қажырлы қайраттарыңыз бен сарқылмас жігерлеріңіздің арқасында деп бағамдаймын.

Еліміздің барлық аймақтарында дарынды әрі ойы ұшқыр, креативті жас ұрпақ өсіп келеді. Біз жоғары оқу орындары арқылы олардың ішкі әлеуетін толық ашуға жағдай жасауымыз керек. Аймақтық университеттер негізінде біртұтас инновациялық экожүйе құру қажет. Оны нақты сектормен ынтымақтаса отырып жүзеге асыру – Сіздер мен жергілікті қауымдастықтың міндеті.

Атаулы 80 жылдың ішінде оқу ордасы көптеген табыстарға қол жеткізіп, мол мүмкіндіктерге ие болды. Университет алдыңғы қатарлы ғылым, білім ұйымдарымен ынтымақтастық орнатып, әлемдік рейтингтерде жоғары көрсеткіштерге қол жеткізді.

Өскелең ұрпаққа білім мен ғылымды, тәлім мен тағылымды бойына сіңіру жолындағы еңбектеріңізге толағай табыс тілеймін. Мерейтой құтты болсын!

Қазақстан Республикасының Президенті  
Қ.Тоқаев

## Құрметті М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ұжымы!

Сіздерді университеттің 80 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

М.Әуезов университеті – еліміздің өсіп-өркендеуі жолында аянбай еңбек етіп келе жатқан белгілі жоғары оқу орындарының бірі.

Президентіміз Жаңа Қазақстанның жастары айрықша түсінуге тиіс үш маңызды бағытты атады. Олар – терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет.

Білімді әрі білікті өрендер ғана биік мақсатқа жете алады. Елге тірек болу – әрбір жастың мұраты. Ел жастардан тың бастамалар және озық идеялар күтеді. Жастар адал еңбекті бағалап, рухы биік, санасы сергек болуға тиіс.

Сіздердің бүгінде алдарыңызға қойып отырған ғылыми-педагогикалық миссияларыңыз Тәуелсіз Қазақстанның әлем өркениеті арасында лайықты орын алу жолындағы мақсат-мүддесіне толық сай келеді. Университет осы бағытта өнімді әрі креативті түрде еңбек етіп келеді.

Кезінде заңғар жазушы, ойшыл М.Әуезовтің: «Халықпен халықты, адаммен адамды теңестіретін – білім» – деп айтқан даналық сөзі оқу ордасының бүгінгі тыныс тіршілігін айқындайтындай.

Алдағы уақытта да университет ұжымына Хакім Абай негізін салған «Толық адам» ілімі концепциясына сай ғылым мен білімді өнегелі тәрбиемен ұштастырып, шәкірттер тәрбиелеуде зор жетістіктерге жете берулеріңізге тілектеспін.

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің Төрағасы  
Е.Қошанов



## Құрметті М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ұжымы!

Бүгінде еліміздегі еңселі де беделді, тағлымды да тұғырлы білім ордасы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетіне 80 жыл толып отыр. Университет осы жылдары бірнеше белестерден өтіп, өзіндік дәстүрі мен дағдысын, тәжірибесі мен тарихын қалыптастырды.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев: «Білім мен ғылым – табысқа жетудің ең басты кілті. Өскелең ұрпаққа тағылымды тәрбие және озық білім беру – өте маңызды міндет. Сондықтан ұстаздар қауымына, яғни сіздерге зор жауапкершілік жүктеледі», – деп атап өтті.

Жастарға сапалы білім, ұлағатты тәрбие беріп, олардың заманға сай саналы, білімді, өнегелі азамат ретінде қалыптасуына, адами құндылықтар мен мәдени игіліктерді меңгеруде жоғары оқу орындарының алар орны айрықша.

Әуезов университеті әлемдік және ұлттық рейтингтерде жыл сайын үздіктер қатарынан көрініп, мемлекетіміздің білімі мен ғылымына, мәдениеті мен экономикасына тың серпін беруде. Университет отандық ғылымды дамытып, жоғары білім беру саласында жаңа бастамалар мен ілкімді ізденістердің ұйытқысына айналды.

Түлектеріңіз тек қана ел аймақтарында ғана емес, сонымен қатар таяу және алыс шетелдерде еңбек етумен қатар, кәсіби біліктілік пен жоғары жауапкершілік, ерекше білімдарлық пен қарымды қабілет көрсетіп жүргенін мақтанышпен атап өту қажет.

Құрметті университет ұжымы, баршаңызды атаулы мерекемен шын жүректен құттықтай отырып, егемен еліміздің еңсесін биіктету жолындағы қадамдарыңызға толағай табыстар тілеймін!

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Сенатының Төрағасы  
М.С.Әшімбаев



## Құрметті М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ұжымы!

Сіздерді еліміздегі танымы биік, тарихы терең беделді жоғары оқу орындарының бірі - М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің 80 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Кемел келешектің кілті қашан да сапалы білімде. Бұл тұрғыда білім мен ғылымның бірегей орталығына айналған университеттің отандық білім және ғылым көкжигіндегі алар орны ерекше.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Біз ғылымның ұлттық экономикаға қосатын үлесін көбейтуіміз керек. Сонымен бірге, әлемдік ғылыми кеңістікпен ықпалдастықты күшейткен жөн. Ғалымдар еліміздің рухани дамуына да баса мән бергені дұрыс. Әсіресе, жастардың отаншылдық рухын күшейту керек», - деген болатын. Бұл тұрғыда М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті көптеген биік мақсаттар мен іргелі жетістіктерге қол жеткізіп келеді.

Университет қаншама түлектерді үлкен өмірге қанаттандырды, олар бүгінде еліміздің әр түкпірінде абыройлы қызмет атқаруда. Мұның барлығы оқу ордасының профессор-оқытушылар құрамының қажырлы еңбегінің арқасында екені мәлім.

Білім мен ғылымның қайнар көзі болған байырғы оқу ордасы үлкен үлкен жетістіктерге жетіп, мол мүмкіндіктерге ие болды. Шетелдің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық орнатып, жоғары көрсеткіштерімен әлемдік рейтингтердің қатарынан көрінді.

Университет ұжымы алдағы уақытта да әлемдік бәсекеге төтеп беріп, озық ойлы, ұлтжанды кадрларды тәрбиелеу жолындағы игілікті дәстүрді жалғастырады деген сенімдемін.

Баршаңызға зор денсаулық, еңбектеріңізге толайым табыс тілеймін!

ҚР Премьер-Министрі  
Әлихан Асханұлы Смайылов

## Құрметті М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ұжымы!

Сіздерді тарихы тереңде жатқан ілкімді ізденістердің ұйытқысы, ғылым мен білімнің алтын ордасы - М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің 80 жылдық мерейтойымен құттықтаймын! Сонау екінші дүниежүзілік соғыстың белең алып тұрған кезеңінде негізі қаланған білім ордасы бүгінде қаншама шәкірттің қанатын қатайтып, ғылым нәрімен сусындатып, қоғамға зор үлесін қосуда. Іргелі қара шаңырақта елімізге белгілі және шет елге танымал тұлғалар Отандық білім мен ғылымның жандануына мұрындық болуда. Заңғар жазушы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің есімімен аталатын білім ордасында Қазақстанға еңбек сіңірген білім, ғылым қайраткерлері, мәдениет және спорт майталмандарымен қатар шетелдік оқытушы-профессор құрамы әлемдік нарыққа сай мамандар даярлауда аянбай еңбек етуде.

Бүгінгі «Жаңа Қазақстанда» Сіздер баулыған түлектер тек өндіріс саласында ғана емес, елімізде жауапты қызметтер атқаруда және олардың ішінде ұлтымыздың маңдайалды тұлғалары мен қайраткерлері Тәуелсіз Қазақстанның өркендеп, қанат жаюына сүбелі үлес қосуда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Ғылым мен технологияны, инновацияны дамыту - еліміздің бәсекеге қабілетін арттыратын негізгі саланың бірі. Біз отандық ғылымның басымдықтары халықаралық талаптарға және ұлттық мүддемізге сәйкес айқындаймыз», - деген болатын. Университет бүгінде осы қағиданы берік ұстануда. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті - елімізде білім сапасы мен констатив бойынша бүгінде көш бастап отыр. Атап айтқанда, Сіздердің білім ордаларыңыз әлемдік және ұлттық рейтингтерде жыл сайын жетекші орын алып, Халықаралық және Ұлттық рейтингтерге топ жарып, жаһандық бәсекеге қабілетті кадрлар даярлау жолында білім ордасы әлемдік ғылым ордаларымен иық тіресе қызмет атқаруда.

Білім ордасы 100-ден астам шетелдік жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық орнатқанын барлығымызға белгілі.

Университет ұжымы алдағы уақытта еліміздің білімі мен ғылымының мәртебесін көтеріп, «Жаңа, Әділетті Қазақстанымыздың» дамуына елеулі үлес қосады деген сенімдемін.

Ұрпаққа бірегей білім мен тағлымды тәрбие беру жолындағы еңбектеріңізге толымды табыс тілеймін! Мерейтойларыңыз құтты болсын!

ҚР Премьер-Министрдің орынбасары  
Т.Б.Дүйсенова



## Құрметті М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ұжымы! Ғалымдар мен оқытушылар!

Сіздерді білім мен ғылымның ұшаршығына айналған, қоғамға сан-салалы кәсіп иелерін дайындап, үлкен белеске қанат қақтырған М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің 80 жылдық торқалы тойымен шын жүректен құттықтаймын. Мемлекеттің дамуы үшін ғылымның мен жоғары білімнің орны айрықша. Сіздер осы жолда тынымсыз еңбек етіп, жас ұрпаққа үлгі болып келесіздер. 1943 жылы сұрапыл соғыстың кезеңінде негізі қаланған университет бүгінде әлемдік нарықта сұранысқа ие бірегей білім ордасына айналып отыр. Сондай-ақ, Сіздердің жоғары оқу орындарыңыз білім берудің 3 деңгейлі сатысын жоғары деңгейге көтеріп, Отандық университеттердің көшбасшысына айналуға. Бұл әрине, ұжымның, ондағы профессор-оқытушылар құрамы мен ғалымдардың қажырлы еңбегінің арқасында. Бүгінгі алмағайып аламан дәуірде ғылыми прогресстің қаншалықты маңызға ие екендігі айтпаса да түсінікті. Жаһандық бәсекеге қабілетті, ойы ұшқыр, кәсіби шыңдалған, танымы мен тағылымы бір арнаға тоғысқан маман даярлау аса маңызды болып отыр. Сіздер осы құндылықтарды берік ұстанып, биіктерге қанат жайып келесіздер. Бұл біз үшін де үлкен қуаныш, мерейлі мәртебе. Университет алдына қойған стратегиялық мақсатты еш кедергісіз жүзеге асырып келеді. Сіздер дайындаған шәкірттер мен дарынды тұлғалар еліміздің әр түрлі салаларында қызмет атқарап, Тәуелсіз Қазақстанның дамуына үлес қосуда.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті ұжымының осы орайдағы бастамаларына толымды табыс тілей отырып, мерейлі 80 жылдық тойларыңызбен шын жүректен құттықтаймын! Алар асуларыңыз биік, шығар шыңдарыңыз мол болғай!

ҚР Ғылым және жоғары білім  
министрі С.Нұрбек

# AUEZOV UNIVERSITY – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ АВАНГАРДЫНДА 80 ЖЫЛ

1943 жылы 29 маусымда КСРО Халық Комиссариаты жанындағы Жоғары Мектептері жөніндегі Бүкілодақтық Комитет пен КСРО Құрылыс материалдары өнеркәсібі комиссарының «Қазақ КСР Шымкент қаласында құрылыс материалдарының технологиялық институтын ұйымдастыру туралы» бірлескен бұйрығы шықты.

М.Әуезов атындағы ОҚУ тарихымен шежіресі, бүкіл елдің тағдыры сияқты, соғыс уақытындағы қиын сынақтарға толы болды. Профессор-оқытушылар құрамының адалдығы мен қажымас жасампаз еңбегі оларды жеңуге әрқашан көмектесті.

Осы жылдар ішінде университет кадрлық және ғылыми әлеуетті қалыптастырып, Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындары арасында өзінің лайықты орнын сенімді түрде иеленді. Бүгінде ғылыми-зерттеу университеті деген құрметті мәртебеге ие болып, еліміздегі жоғары оқу орындарының алдыңғы қатарында. Өңірдің инновациялық даму мүддесінде сапалы білім беруге ден қойған оқу орны Оңтүстік өңірінде ғана емес, Қазақстанда да сұранысқа ие бәсекеге қабілетті мамандарды даярлайды.

М.Әуезов атындағы ОҚУ ғылымы бүгінде бұл – 2 ғылыми-зерттеу институты, 17 ғылыми-зерттеу зертханасы, 6 ғылыми орталық, ұжымдық пайдаланудағы аккредиттелген зертханадан құралады. Дамыған инновациялық инфрақұрылым: кәсіпкерлік орталығы, бизнес-инкубатор, коммерцияландыру орталығы, конструкторлық бюро, нысаналы капитал қоры (эндаумент қоры), кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру орталығы, стартап-студия және технологияны, инновациямен зияткерлік меншікті қорғауды қолдау орталығы жұмыс жасайды.

Auezon University өзінің болашақ дамуын зерттеу университетімен тікелей байланыстырады, онда білім, ғылым және инновация бір-бірімен тығыз байланысты, сонымен қатар «идеяны қалыптастырудан коммерцияландыруға дейін» үштік спираль жүзеге асырылады.

Мұндай ғылыми саясатты іске асырудың мақсаты-елдің тұрақты дамуының жаһандық сын-қатерлеріне жауап беруге мүмкіндік беретін ғылыми білім саласындағы зерттеулер мен әзірлемелер саласындағы университеттің көшбасшылық ұстанымы.

Бұған табысты мысал - біздің университетте Орталық Азиядағы тұңғыш Нобель сыйлығының лауреаты Рае Квон Чунгтың тұрақты өсу, жасыл технологиялар қағида-дәттарында экономикалық дамудың жаңа моделін енгізу жөніндегі орталығын ашуы.

Әлемнің жетекші сарапшысымен университет ғалымдары зерттеу жобаларын және болашақ көшбасшылар үшін MBA-ның Жасыл экономика бойынша жаңа инновациялық білім беру бағдарламасын әзірлеуге кірісті. Шынында да, әлемдегі 10 жаңа кәсіптің 8-і жа-

80 жыл бұрын құрылыс материалдарының технологиялық институты құрылды. Соғыс қызған кезде, 1943 жылы 19 маусымда КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің №679 қаулысымен КСРО Құрылыс материалдары Халық Комиссариатына және КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің жанындағы Жоғары Мектептері жөніндегі Бүкілодақтық Комитетке Құрылыс материалдарының технологиялық институтын (М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті) ұйымдастыруға рұқсат етілді.

сыл және тұрақты экономика секторларында құрылуда.

Халықаралық рейтингтердегі көшбасшылық - бұл білім сапасының, университеттің жоғары мәртебесінің және әлемдік академиялық қоғамдастықтағы беделінің айқын дәлелі. Осыған байланысты Auezon university халықаралық деңгейдегі елеулі жетістіктерге ие. QS университеттердің әлемдік рейтингінің нәтижелері бойынша Auezon University 443-орынға ие (өткен жылы 482-орын), әлемнің үздік 450 университетінде өз позицияларын жақсартты және 39-орынға көтерілді.

QS «Дамушы Еуропа және Орталық Азия» рейтингінде ЖОО үздік жүз университеттің қатарына кіреді (96 орын).

Сонымен қатар, 2022 жылы Азия жоғары оқу орындары арасында QS Asia рейтингі алғаш рет шығарылып, біздің жоғары оқу орнымыз Азияның 750 жоғары оқу орындары (Қытай, Корея, Жапония, Үндістан және т.б.) арасында 177-орынға ие болды.

Биыл Әуезов университеті алғаш рет беделді британдық рейтинг агенттігінің (QS) аудитінен өтті, оның нәтижелері бойынша ЖОО – ға жоғары 4 жұлдызды баға берілді.

Әуезовтің QS Stars аудитінің қорытындысы бойынша университет жоғары бағаға ие болды – 4 көрсеткіш бойынша 5 жұлдыз: «Оқыту», «Жұмысқа орналастыру», «Онлайн-оқыту», «Инклюзивтілік».

UI Грин Метрикс World University Rankings (Green Metric World University Rankings) университеттерінің Дүниежүзілік рейтингінде 1050 ЖОО арасында әлемдік кестеде 260 орын алып, ТОП-300-ге кірді. Қазақстанның 12 жоғары оқу орнының ішінде университет 2 орында.

Аймақтық рейтингте Грин Метрикс «Ranking Bay region 2022 – Asia» (Greenmetric «RankingbyRegion2022 – Asia») М.Әуезов атындағы ОҚУ бес жүзден астам ЖОО-дан 132-ші орынды алып, ТОП-150-ге кіреді.

Университет ГринМетрикс әлемдік рейтингінің «Абаттандыру және кампустың орналасуы» критерийі бойынша 212 Жоғары оқу орнының ішінен әлемде 29-шы орында. Бұл Қазақстанның 6 жоғары оқу орнының ішінде 1-ші орында.

Рейтинг нәтижелері бойынша Рэнк Пробай Субъектс (RankProbsubjects) – 2022, 4 бағытта - биология ғылымдары, Химия ғылымдары, Инженерия және технология, Математика-ТОП 301-350 және 351-400 орындарын иеленді.

2022 жаһандық жиынтық рейтингінде М.Әуезов атындағы ОҚУ ТОП-5% - ға кірді. Бұл санатқа Қазақстанның 3 жоғары оқу орны кірді.

Білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Тәуелсіз агенттіктің (IQAA) Қазақстанның үздік жоғары оқу орындарының ұлттық рейтингінің нәтижелері бойынша 2022 жылы біздің университет 2 орында.

Осылайша, университеттің әлемдік рейтингтердегі жетістігі - бұл бүкіл университет ұжымының қажырлы және ұзақ жұмысының нәтижесі. Кадрлық әлеует туралы айта отырып, университетте біздің өңірдің зияткерлік элитасы шоғырланғанын және бұл ғылыми және білім беру процестеріндегі ең жауапты міндеттерді шешудің негізгі факторларының бірі екенін атап өтеміз. Қазіргі уақытта ЖОО-да 16 академик және түрлі академиялардың 15 корреспондент-мүшесі, 4 «Құрмет» орденінің иегері жұмыс істейді. Біздің ғалымдар 7 әлемдік ғылыми жаңалықтардың авторлары.

Бізде 1324 штаттық оқытушы жұмыс істейді, оның ішінде ғылым докторлары – 93; ғылым кандидаттары – 506; PhD докторлары – 93. ПОҚ дәрежесі 52,3% құрайды.

Университеттің 2025 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асыра отырып, бүгін біз өңірдің дамуына елеулі үлес қосатын зерттеу және жаһандық бағдарланған 4.0 университетін қалыптастыруға бағытталған жаңа мақсаттар мен міндеттер қойдық.

Сондықтан университет ғылымының негізгі міндеті ретінде уни-





верситет ортасында ғылымның дамуын ынталандыру ғана емес, сонымен бірге ол мен аймақ экономикасының нақты қажеттіліктері арасында тығыз байланыс орнату анықталды. Auezov university нысаналы аймағы республиканың ірі мегаполисі – Шымкент және Түркістан қалалары, сондай-ақ Түркістан облысы болып табылады.

Ұзақ мерзімді демографиялық болжамға сәйкес, алдағы 10 жылда (2031 жылға қарай) Шымкент халқының саны бір жарым миллионға дейін, ал 2050 жылға қарай екі жарым миллионға дейін өседі. Сонымен қатар, Шымкент қаласында Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде айтарлықтай ғылыми мазмұны бар ірі экспортқа бағдарланған жобалар іске асырылатын болады. Өңірде мұнай, газды терең өңдеу және өнім экспорты көлемінің 9 есе өсуімен химиялық өнім шығару бойынша 5 зауыт жұмыс істейді. Экономиканы әртараптандыру есебінен экспорттық және бюджеттік кірістердің өсуі күтілуде.

Қаланың имиджі өзгеруде, маркетингтік стратегия өзгеруде. Жаңа жағдайда қала «ғылым қаласына» айналады, онда ғылым аймақтық экономиканың факторы және аймақтың экономикалық өркендеуінің негізі ретінде қарастырылады. Университеттің әртүрлі профильдегі кадрларды зерттеу мен дайындауды қолдауы қолда бар әлеуетті толыққанды іске асырудың негізгі қадамы бола алады. Осылайша, ғалымдарымыз соңғы екі жылда қалада жалпы құны 1 миллиард теңгеден асатын ғылыми жобалардың нәтижелерін коммерцияландыруға қол жеткізді.

Біз қала аумағында сүйек ядролары (өрік, шабдалы және қара өрік) негізінде май, сондай - ақ «Петро Казахстан Ойл Продакс» ЖШС бизнес-серіктесімен сүйек қабығынан белсендірілген көмір өндіруді қамтамасыз еттік. «Тас-сай» индустриялық аймағында бизнес серіктес «АлиКа групп» ЖШС - мен тәттілер, сусындар мен жануарларға арналған био-консерв (сомасы 277 млн.теңгеге) дайындау үшін жүгеріден глюкоза-фруктоза сиропын өндіру бойынша технологиялық кешен құрылды.

Университет «Шитті мақтаны тасымалдауға арналған самосвалды трактор тіркемелерінің шағын сериялы өндірісін ұйымдастыру» жобасын (240 млн. теңге сомасына), «Центр-Сервис» ӨК бизнес серіктесін іске асырды.

Бұдан басқа, бүгінде Түркістан облысының Ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасының мемлекеттік бағдарламасы бойынша жылына үш рет егін жинаудың инновациялық қарқынды технологиясын енгізу және тарату жобасы іске асырылуда.

Қарқынды технологияны енгізу нәтижесінде Түркістан облысының АӨК көкөніс және бақша шаруашылығынан жылына 18 миллиард теңге қосымша пайда алды.

Жалпы, Auezov university коммерцияланған жобалардан бүгінде университет кірісіне таза пайданың 10 пайызын алады.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті жариялаған 2023-2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурстың қорытындысы бойынша университет ғалымдары ғылымның 7 басым бағыттары бойынша 844 млн.теңгеден астам сомаға 12 гранттық жобаны жеңіп алды.

Университет Шымкент қаласының әкімдігімен белсенді ынтымақтастықта. Мәселен, қаланың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасымен «Шымкент қаласын көгалдандыру және абаттандыру 2021-2025 жылдарға арналған» тұжырымдамасын дайындау мақсатында ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды. Жұмыс тобының құрамына университеттің бес ғалымы кірді.

Шымкент қаласының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы 2021 жылғы сәуірде Шымкент қаласында жайлы ортаны дамыту басқармасы болып қайта құрылды. М.Әуезов атындағы ОҚУ аграрлық факультетінің ғалымдары ҚР АШМ «Оңтүстік Қазақстан гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы» РММ мамандарымен бірлесіп Шымкент қаласында жайлы ортаны дамыту басқармасына Шымкент қаласының жасыл белдеуі үшін

бөлінген 5000 га жер учаскесінің топырағын талдау бойынша жұмыстар жүргізеді. (Жер учаскесі Ақтас ауылының жанындағы Шымкент-Ташкент жолының сол жағында орналасқан). Барлығы 250 топырақ сынамасына талдау жүргізу керек. Шымкент қаласындағы жайлы ортаны дамыту басқармасы үшін М.Әуезов атындағы ОҚУ аграрлық факультетінің ғалымдары мен студенттері Шымкент қаласының көшелері бойындағы ағаштарды түгендеу жұмыстарын жүргізеді.

Түркістан облысы Келес ауданының «Берлесу» ауылдық округінде университеттің «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» инженерно-технологиялық зертханасының 6 гектар аумақты жалға алған жер учаскесінде агротехнологиялық парк ашуды жоспарлап отырмыз. Агротехнологиялық парктің құрамына: машина-трактор станциясы, агротехнологиялық сервистік қызмет, жылыжайлар, бағалы сәндік өсімдіктерді өсіруге арналған питомник кіреді. Химиялық технология, құрылыс материалдары бойынша дәстүрлі күшті ғылыми мектептері бар ғалымдар композиттік материалдар, баламалы энергия көздері, биотехнология, тоқыма өндірісінің жаңа технологиялары бойынша жаңа серпінді бағыттармен айналысады.

«Shymkent» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы т.ғ.д., профессор В.М.Шевконың «Кальций карбидінің аз тоннажды өндірісі», т.ғ.д., профессор Қ.Т.Жантасовтың «ЖАМБ-70 «ұзақ әсер ететін» тукоқоспа өндірісін ұйымдастыру» атты екі технологиясын тауашалық жобалар тізбесіне енгізді. Қазіргі уақытта осы жобаларды іске асыру үшін инвесторларды іздеу жүргізілуде.

Биылғы жылы біздің ғалымдар О26 «Шымкент қаласының агроөнеркәсіптік кешеніне инновациялық жетістіктерді тарату және енгізу жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша әмбебап көпфункционалды аспалы құралдың (УМНО-4/1) тәжірибелік үлгісін жасау бойынша; стевия өсімдік шикізаты негізінде биологиялық белсенді қоспалар өндіру бойынша, отандық үлгідегі РПМ-2КЗаспалы екі қатарлы кешет отырғызу машинасын жасау бойынша жалпы сомасы 83 млн.

теңгеден астам үш инновациялық жобаны орындауда.

Сондай-ақ, университет ғалымдары Шымкент қ. А.Асқаров атындағы дендрологиялық саябақты дамыту тұжырымдамасын әзірлеуге белсенді атсалысуда.

Қазіргі уақытта Auezov University сорғы және компрессорлық жабдықтардың гидро және аэродинамикасын зерттеу бойынша ғылыми-зерттеу зертханасын ашуды жоспарлап отыр. Жоба бастапқы сатысында. Бүгінгі таңда зертхананы орналастыру, кадрларды іріктеу, Ресей Федерациясы мен Украинаның жоғары оқу орындары мен ҒЗИ-де серіктестер іздеу, жабдықтарды жинақтау және сатып алу мәселелерін зерделеу бойынша жұмыстар жүргізілуде, сондай-ақ «KARLSKRONA LC AB» ЖШС басшылығымен және Шымкент қаласы әкімдігі мен жобаны қаржыландыру мәселелері шешілуде. Сорғы және компрессорлық жабдықтардың әзірленген шешімдеріне тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтар «KARLSKRONA LC AB» ЖШС сынақ стендтерінде жүргізілетін болады.

Келешекте ғылыми зертхана «KARLSKRONA LC AB» инновациялық-белсенді кәсіпорнының құрамында заманауи сорғы және компрессорлық жабдықтарды, құбыр арматурасын зерттеу және жобалау жөніндегі ғылыми-зерттеу институты болып қайта құрылатын болады. Жоба тұжырымдамасына сәйкес университет пен кәсіпорын арасындағы ынтымақтастық моделі өнеркәсіптің осы саласында құзыреттілік орталығын құруға негіз болады.

Біздің ЖОО бүгінде бүкіл өңірдің инновациялық қызметінің өзегі болып табылады. Университетте кәсіпорындармен және бизнеспен, жергілікті атқарушы органдармен ынтымақтастықты дамыту саясаты жүргізілуде.

Университет Силикон алқабы принципі бойынша жұмыс істей бастады, өндірушілерге, кәсіпкерлерге, инвесторларға ашық қолжетімділікті қамтамасыз етті және жаңа идеяларды сынауға, инновациялық өнімдердің прототиптерін алуға ашық. Біз ғылымның ашық моделін іске асырамыз, оның аясында мемлекетпен ғана емес, жеке сектормен және ірі бизнеспен де тығыз ынтымақтастық орнатамыз.



Университет мамандарды негізінен өңірлік еңбек нарығы мен өндірістерге дайындайды. Сондықтан бізге өңірдің индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын іске асыру үшін кадрлар даярлауға жауапкершілік жүктеледі.

Отандық еңбек нарығын талдау көрсеткендей, бірқатар өндірістерде мамандар тапшылығы бар. Мобильді емес және әрдайым жаңа технологияларды игере алмайтын кадрлардың қартаюуы байқалады. Университеттің ғылыми-зерттеу университеті ретіндегі Даму стратегиясы идеяларды қалыптастырудан бастап инновациялық өнімді құруға дейінгі жаңа білімді жаңғыртудың толық циклін, сондай-ақ бейіні, құзыреті мен біліктілігі бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік беретін жаңа буын маманын даярлау жүзеге асырылатын академиялық ортаны құруды іске асырады, еңбек нарығының барлық заманауи талаптарына жауап береді. Қазіргі уақытта Университет 892 кәсіпорымен және ұйымдармен 800-ден астам келісім-шарт жасасты, оның ішінде 192 оқу-ғылыми-өндірістік кешендерді құру туралы келісімдер де бар. Әрине, университет өңір кадрларының ұстасы ғана емес, сонымен қатар ҒЗТ-КЖ-ға инвестиция салмай мүмкін емес инновацияларды дамытудың драйвері болуды жоспарлап отыр. Университетті дамыту және өңірдегі инновацияларды дамытуға үлес қосу міндетін іске асыру «Өңірлік дамуға енгізілген ЖОО» (regionally engaged university) тұжырымдамасын әзірлеуге бағытталатын болады.

Стейкхолдерлер негізінде студенттердің ақылы кәсіби тәжірибесі қолданылады. Біздің белсенді бизнес-серіктестеріміздің қатарында «Стандарт-цемент» ЖШС, «ҚазТрансОйл» АҚ, «Еврокристалл» ЖШС, КазСтройСервис ЖШС, «АзияТрафо» ЖШС және т. б. сияқты ірі өнеркәсіптік, құрылыс кәсіпорындары мен көлік компаниялары бар.

Жұмыс берушілермен тиімді ынтымақтастықтың арқасында 2022 жылы жұмысқа орналасу көрсеткіші 83,1% -құрады.

Техникалық кадрларды даярлаудың маңызды элементі жұмысшы мамандықтары бойынша оқыту болып табылады. 2 курста оқи отырып, ЖОО студенттері базалық жұмыс мамандығын меңгереді. 2000-нан астам студент 28 жұмысшы мамандығы бойынша оқыды.

Университеттің ұлттық инновациялық кластерлерге интеграциялануына үлкен мән беріледі. Университет Қазақстандағы Бавария химиялық кластерінің некілі болып табылады. Тараз және Атырау химиялық кластерлерін дамыту бойынша бірлескен қимылдар жоспарына сәйкес «Біріккен химиялық компаниямен» үшжақты Меморандум жасалды. Осылайша, осы кластер кәсіпорындарының кадрлық әлеуеті университет түлектерінің есебінен толық қамтамасыз етілетін болады. Бұл елдегі 20-ға жуық химиялық кәсіпорын.

Мұндай жұмыс «Оңтүстік» еркін экономикалық аймағында тоқыма кластері бойынша жүргізілуде, онда 25-тен астам жеңіл және тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындары орналасқан.

Өңірдің қажеттіліктеріне сүйене отырып, біз әлемдік жоғары оқу орындарының тәжірибесі бойынша екі жоғары мектеп құруды жоспарлап отырмыз: инжиниринг және технологиялар жоғары мектебі (School of Engineering and Technology) және цифрлық ғылымдар мен энергетика жоғары мектебі (School IT-Technology and Energy).

Озық университеттерді құру тәжірибесін ескере отырып, осы жобаны тиімді орындау үшін М.Әуезов атындағы ОҚУ Elite Education Group Int өкілдігімен стратегиялық серіктестік туралы шарт жасасты. Жобаның серіктестері ретінде Лос-Анджелестегі Калифорния университеті



(UCLA), АҚШ (QS - 44 позиция), КАИСТ (Кореяның алдыңғы қатарлы ғылым және технологиялар институты), Оңтүстік Корея (QS - 42), Хайнанг университеті, Оңтүстік Корея (QS - 157) сияқты әлемнің жетекші университеттері болып табылады. Жоба аясында «Foundation» бағдарламасын іске қосу жоспарлануда. Әріптес жоғары оқу орындарымен дипломдық білім беру бағдарламалары, студенттер мен ПОҚ алмасу, ғылыми тағылымдамалар жоспарланады, сондай-ақ Италия, Франция, Германия, Норвегия, ТМД елдерінің ғалымдарының қатысуымен 100-ден астам ғылыми және білім беру жобалары орындалады.

Auezov University Еуропалық тізілімге енген агенттіктерде институционалдық және бағдарламалық аккредиттеудің табысты тәжірибесіне ие - бұл Германияның АСИИИ агенттігі және қазақстандық - БСҚБТА (IQAA). 2008 жылдан бастап 200-ден астам бағдарлама аккредиттеу туралы сертификаттар алды. Сонымен қатар, университеттің химия бойынша Еуропалық тақырыптық желі қауымдастығында (ECTN) 7 Білім беру бағдарламасына халықаралық сараптама

жүргізу тәжірибесі бар. 16 білім беру бағдарламасына сапа бойынша Еуропалық тақырыптық желілер үлестіретін Евробакалавр, Евромастер, Еуроинженер және Еуроинформатик секілді Еуропалық сапа белгілері берілді. Халықаралық бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізу үшін аймақтар университеттерді күрделі инновациялық жүйелердің қатысушылары ретінде қабылдауы керек. Негізгі функциялардан басқа, білім беру және зерттеу университеттеріне үшінші миссия - Экономикалық даму мен технологиялық әртараптандыруды ынталандыру.

Қорытындылай келе, өнеркәсіптің өсіп келе жатқан қажеттіліктеріне жауап бере отырып, университеттер аймақты жоғары өнімділікпен қамтамасыз ете алатын және терең құрылымдық өзгерістерге әкелетін инновациялық кәсіпкерлік ортаны қалыптастырады деп айтқым келді.

**М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Басқарма Төрағасы-ректор**

**Д.П.Қожамжарова**



## «Шымкент қаласының Футбол Федерациясы» қауымдастығы» заңды тұлғалардың білестігі

Шымкент қаласының футбол федерациясы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің 80-жылдығымен университеттің «Академик» футбол клубын құттықтайды.

1979-жылы құрылған «Академик» футбол клубы Шымкент қаласының футболының даңқты беті болып қалыптасты.

Кезінде «Академик» футбол клубының салауатты өмір салтын насихаттау бағытында атқарған жұмыстарын «Футбол-Хоккей» апталық басылымы да атап өткен болатын. Сіздердің клубтарыңыздың тарихында қаланың, облыстың, Республиканың басқа командалармен, соның ішінде Қазақстанның жетекші командасы «Қайраттың» ардагер футболшыларымен де кездесулер бар.

Қазіргі кезде «Академик-КазХТИ» командасының қаланың спорттық өмірінде 50+ және 60+ жастағы қала ардагерлері арасында біріншіліктер өткізуде белсендік көрсететінін атап айтқан жөн.

Осы күндері М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің 80-жылдық мерейтойын өтіп жатқан кезде біз сіздердің оқу орындарыңызға Қазақстан Республикасы халық шаруашылық үшін жоғары білікті мамандарды даярлауда өркендеу мен жетістіктер тілейміз.

«Академик» футбол клубына (оның жетекшісі доцент Б.Е. Серікбаевқа) футбол алаңдарында үлкен табыс және сәттілік тілейміз.

**Құрметпен,  
Футбол Федерациясы Президенті Б.Абдубаитов**



# С юбилеем альма-матер

80-летие родного вуза – масштабное событие для нашего региона и в целом республики. За эти годы наш университет стал храмом науки и колыбелью талантов, прославивших своими достижениями университет и Республику Казахстан. Поздравляю любимый университет с юбилеем! За прошедшие прекрасные годы он стал альма-матер для многих талантливых людей, настоящих профессионалов своего дела. В этот день я хочу вспомнить некоторых наших преподавателей, работавших в период моей учебы в КазХТИ (1971-1976 гг.). Заведующим нашей кафедрой был Журинов Мурат Журинович, деканом – Сайденов Гали Батырханович, ректором – Сулейменов Султан Таширбаевич, куратором группы Кадырбекова Аманбике Жукановна.

За прошедшие 85 лет в нашем университете сформировался достойный кадровый и научный потенциал и в настоящее время он уверенно занимает высокие места среди ведущих вузов Казахстана и мира. На сегодняшний день он форпост высшей школы региона и республики, компетентность, верное служение науке и просвещению, педагогический талант, стремление к инновациям позволили заложить лучшие академические

традиции. Выпускники университета составляют научную, образовательную, политическую, экономическую и культурную элиту региона и Республики.

От всей души желаю коллективу нашего любимого университета новых успехов, научных и творческих достижений, энтузиазма и благополучия!



**Д.т.н., проф.каф.  
«Биотехнология»,  
зав. НИЛ «Промышленная  
биотехнология»  
Кедельбаев Б.Ш.**

## М. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ коммерциялы емес акционерлік қоғамының ұжымына!

Сіздерді университеттің 80 жылдық мерейлі белесімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті өз саласы бойынша көш бастап тұрған беделді оқу орны. Білім ордасының түлектері химия саласында табысты еңбек етіп, Тәуелсіз Қазақстанымызды өркендетуге сүбелі үлес қосып жатыр. Осы түлектердің қызметтегі қол жеткізген әрбір жетістіктері профессор - оқытушы құрамының қажырлы күш жігерінің елеулі жетістіктері деп санаймын.

Қазіргі қарқынды дамуда химия және технология саласын оқыту негізгі талаптардың бірі. Бұл әлем елдерінің ішінен бәсекелестікті дамытуға озық ғылым мен технологияны игеру болып табылады. Сіздер осы маңызды міндетті абыроймен атқара бересіздер деп сенемін.

Мерейлі той құтты болсын! Университетті және бүкіл елімізді дүние жүзіне танытатын жетістіктеріңіз көбейе берсін! Баршаңызға зор денсаулық, бақ - береке тілеймін!

**Ізгі тілекпен  
«Innov TechProduct» ЖШС  
директор Сатаев М.И.**





# Әуезов университеті - бүгін



Әуезов университеті - оңтүстік өңірдегі жетекші ЖОО, оның ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметі өңірдің және елдің инновациялық - индустриялық және әлеуметтік-экономикалық дамуын ғылыми қамтамасыз етуге, ғылымның, білім мен инновациялардың тығыз интеграциясы негізінде жоғары білікті кадрларды даярлау іске асырылатын қазіргі заманғы ғылыми-білім беру ортасын қалыптастыруға бағытталған.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы № 408 бұйрығымен Директорлар кеңесінің құрамы сайланды, оның құрамына құрылтайшының, Жалғыз акционердің өкілдері, білім беру саласындағы сарапшылар, тәуелсіз директорлар енді. Сондай-ақ атқарушы орган - Басқарма құрылды, ЖОО-ны басқарудың жаңа ұйымдастырушылық құрылымы бекітілді, Университеттің дамытудың 2021-2025 жж. арналған Стратегиялық жоспары қабылданды. Қазіргі таңда стратегиялық жоспарға сәйкес университетіміздің миссиясы ғылыми-зерттеу университетіне трансформациялануы көзделген.

Университетте 2000-ға жуық кадрлық құрамы ғалымдар мен жоғары білікті мамандардан, білім, ғылым, мәдениет және спорттың еңбек сіңірген қайраткерлерден тұрады, оның ішінде 15 академик және әртүрлі академиялардың 14 корреспондент мүшесі, 85 ғылым докторлары, 500 ғылым кандидаттары, 100 астам PhD докторлары, 169 магистр ғалымдары, 453 өнеркәсіптен шақырылған мамандар жұмыс жасайды.

Профессорлық оқытушы құрамында «ЖОО үздік оқытушысы» атағының 300 иегері, «Болашақ» халықаралық бағдарламасының 80 түлегі,



М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті - жоғары білікті кадрларды даярлауды, ғылыми зерттеулер жүргізуді жүзеге асыратын, экономиканың жоғары технологиялық салалары мүддесінде инновациялық әзірлемелерді орындайтын оңтүстік өңірдің ғылыми-білім беру, зияткерлік және мәдени орталығы болып табылатын елдің ірі көпсалалы жоғары оқу орындарының бірі.

ғылым және техника саласындағы Мемлекеттік сыйлықтың 6 лауреаты қызмет атқарады.

Әуезов университеті 7 әлемнің жаһанды рейтингінде келесі жұлделі орындарға ие:

- QS Asia University Rankings - 144-ші орында,
- UI Green Metric World University Rankings университеттерінің Дүниежүзілік рейтингінде - 333 орында.
- «Ranking by Campus Setting - 2021» - 170 жоғары оқу орнының ішінен әлемде 34-орындарды иелене отырып, Quacquarelli Symonds беделді британдық рейтингі бойынша - 4 жұлдыз жоғары бағаға ие болды.
- GreenMetric-тің «Ranking by Region 2021 - Asia» аймақтық рейтингінде- 144-ші орында тұрған ТОП - 200-ге кіреді.
- Times Higher Education - ImpactRankings компаниясының халықаралық рейтингінде алғаш рет 2022 жылы ОҚУ үздік 1001+қатарына енді.

Ал, Қазақстанның үздік жоғары оқу орындарының ұлттық рейтингінің қорытындысы бойынша университет 2 орынды иеленіп отыр.

ЖОО білім алушыларының жалпы контингенті - 28500 білім алушылар, оның ішінде шетелдік студенттер саны - 3300 адамды құрайды.

Университетте жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім бойынша 300 білім беру бағдарламасы, 78 бағыты бойынша, 153 бакалавриат, 109 магистратура, 27 докторантура және 2 қолданбалы бакалавриат бағдарламаларын қамтып, 8 білім беру бағдарламалары бойынша 6 диссертациялық кеңес белсенді жұмыс атқаруда, оның ішінде басым көпшілігі инженерлік - техникалық және қолданбалы





ғылыми бағытта, сонымен қатар 38 әріптес стейкхолдермен біріктірілген дуалды білім беру бағдарламасы жүзеге асырылады.

300 білім беру бағдарламасы аккредителінген. 11 бағдарлама Германияның АСИИН агенттігімен сәтті аккредиттелген, оның ішінде 4 бакалавриат бағдарламасы Еуробакалавр сапа белгісін, 3 магистратура бағдарламасы химия саласындағы үздік білім беру бағдарламаларына берілетін Еуромастер сапа белгісін алды.

Білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде стейкхолдерлердің талаптары, кәсіби стандарттар, жаңа кәсіптер Атласы, жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының тәжірибесі ескеріледі. Оңтүстік өңір кәсіпорындарының тапсырысы бойынша инновациялық БББ-ың үлесі - 8 %, пәнаралық БББ - 8,6 % құрайды.

Университетте білім беруді интернационалдандыру бағытында жұмыстар белсенді атқарылуда. Халықаралық ынтымақтастық жақын және алыс шетелдердің 200-ден астам шетелдік серіктес жоғары оқу орындарымен жүзеге асырылады, олардың 35-і стратегиялық серіктестер (алмасу, академиялық ұтқырлық, бірлескен БББ, тағылымдамалар және т.б.).

Академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында студенттер университеттің шетелдік және



қазақстандық серіктес университеттерінде білім алу мүмкіндігіне ие болды. 2018-2023 жылдар аралығында Оңтүстік-Шығыс Азия, Түркия, АҚШ және Ұлыбритания, Еуропаның Хоф, Хемниц, Валенсия, Кадис, Путьра Малайзия, Туриба жетекші университеттерінде 2000-нан астам бакалавриат және магистратура бағыты бойынша білім алуда.

Университетімізге Ұлыбритания, Малайзия, Түркия, Ресей Федерациясы, Беларусь, АҚШ, Оңтүстік Корея, Италия және ТМД елдерінен 317 шетелдік маман бірлескен оқу және ғылыми қызметке шақырылды.

ЖОО Еуропа мен ТМД елдерінің 12 халықаралық қауымдастықтары мен консорциумдарының мүшесі, ЖОО-ның 5 консорциумының қатысушысы және 15 халықаралық ұйымға мүше. ТОП-500 QS құрамына кіретін жетекші шетелдік жоғары оқу орындарымен серіктестікте 2 диплом бере отырып, 11 бірлескен БББ іске асырылуда.

Сондай-ақ, Гамбург (Германия) қолданбалы ғылымдар университетімен энергетика және азық-түлік өндірісі, УШОС (Шанхай ынтымақтастық Ұйымы университеті) бағыттары бойынша екі дипломдық білім беру бағдарламалары іске асырылуда.






Эразмус+ бағдарламасы шеңберінде Қазақстанның жоғары білім беру саласындағы әлеуетті арттыру бойынша 3 халықаралық жоба іске асырылуда, оның ішінде «Қазақстанда дуальді жүйені енгізу» құрылымдық жобасында ОҚУ грантхолдер болып табылады.

Университетте 4 бірлескен (халықаралық) орталық жұмыс істейді: Француз Альянсы, Корей білім беру орталығы, TOEFL аймақтық орталығы және «Ньютон - Әл-Фараби» серіктестік бағдарламасы аясында кәсіби даму және өзара іс-қимыл орталығы.

2023 жылы университетте 3 млрд 800 мың теңге сомасына 56 жоба орындалуда, олар 22 ғылыми-зерттеу институттарымен тығыз ынтымақтастықта іске асырылды, бұдан басқа, ҒЗИ бірлесіп бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша 2 жоба, 9 гранттық ғылыми жоба орындалып жатыр.



Өңірге инвестициялар: «Ғылым қоры» АҚ желісі бойынша жалпы сомасы 1 млрд. 302 млн. теңгеге 4 коммерцияландыру жоба орындалды (жетекшілер: техника ғылымдарының докторы Жантасов К.Т., техника ғылымдарының докторы Сәрсенбаев Б. К., техника ғылымдарының кандидаты Қалымбетов Б. Е., техника ғылымдарының кандидаты Ташменов Р. С.).

Университет ғалымдары ұлттық орталықтың бірлескен жұмысының нәтижесінде кремний оксидінің көміртегімен және темірмен өзара әрекеттесуі кезінде темір силицидтерінің түзілуін жеделдету жөнінде ғылыми жаңалық ашылды, сондай-ақ ОҚУ ғалымдары Ұлттық Ғылым Академиясымен бірлесіп титанды ыдырату жөнінде ғылыми жаңалық тіркеді. Ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды орындау үшін 178 орындаушы, оның ішінде 20-дан астам шетелдік ғалым тар-





тылды. Ғылыми процеске 17 ғылыми зертхана, «Конструкциялық және биохимиялық материалдар» инженерлік бейіндегі 1 аккредиттелген сертификаттық сынақ зертханасы таптылды.

Білім, ғылым және бизнестің ынтымақтастығы мен интеграциясын ұйымдастыру, сондай-ақ аяқталған ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды коммерцияландыру инфрақұрылымын дамыту үшін университет ғылымды қажетсінетін бизнес-инкубаторы және университеттің ғылыми қызметінің практикалық негізі ретінде қызмет ететін «Жаскешу» аграрлық ғылыми-технологиялық орталығын құрды. Түркістан облысы Қазығұрт ауданы «Қазығұрт» индустриялық аймағында газ блоктары зауытын жаңғырту жұмыстары жүргізілуде.

Ғылыми және ақпараттық сұраныстарға қажеттілікті қамтамасыз ету және ол үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында университет пайдаланушыларына «Шпрингер Линк», «Интеррум», «Полпред», «Thomson Reuters ISI Web of Knowledge», «Elsevier», «EBSCO» деректер базасына; «ҚазПАТЕНТ», «ҚР стандарттары», «Адам құқықтары жөніндегі цифрлық кітапхана», «Заң» қазақстандық деректер базаларына online қолжетімділік ашылды. Сондай-ақ, интеллектуалды зияткерлік меншік саласына Еуразиялық патенттік ұйымның халықаралық базаларына, Еуропалық патенттік бюроның, Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының, АҚШ патенттік ведомствосының ұлттық базасына, Ресей патенттік базасына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Патенттік ведомствосына online ақпарат алу қолжетімділігі қамтамасыз етілген.

2023 жылдың наурыз айынан бастап университеттің барлық білім алушылары Ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауымен, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының Қамқоршылық кеңесімен бекітілген «Coursera» платформасындағы онлайн курстарға кво-



та негізінде қол жеткізді, ал «Coursera» ең үздік 654 курсы мемлекеттік тілге аударылған. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің 4500 астам білім алушылары «Coursera» платформасындағы Meta, IBM әлемдік көшбасшы компанияларында онлайн курстарында оқуға мүмкіндік алды.

Сонымен қатар, Әуезов университеті өзінің үшінші миссиясын әлеуметтік жауапты университет ретінде жүзеге асыра отырып, «Толық адам» контекстінде көшбасшылық және коммуникативтік құзыреттілікке ие жеке тұлғаны қалыптастыра отырып, өңірдің және елдің қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени өміріне белсенді қатысады. Осы тұжырымдама шеңберінде білім алушылардың 83 %-ы жастар ұйымдарының қызметіне, университеттің студенттік өзін-өзі басқару және алқалы басқару органдарына, 40 %-ы еріктілер қозғалысына, 20 %-дан астамы салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша спорт секцияларына қатысады.

М.Әуезов ОҚУ өзінің үшінші миссиясын орындау және зейнет жасындағы азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету мақсатында 2021 жылдан бастап, «Салиқалы университет» жобасын іске асыра бастады, ол аға буын өкілдерінің шығармашылық және кәсіби дамуына және олардың белсенді еңбек қызметіне оралуына жағдай жасауға бағытталған.

Жобаның мақсаты: Зейнет жасындағы азаматтардың кәсіби және белсенді ұзақ өмір сүруі үшін жағдай жасау, өмір сүру сапасын арттыру; Жаңа мамандықтарды игеруге мүмкіндік беру және қоғамдық өмірге белсенді араластыру.

Университетіміздің оқу үдерісін оңтайландыру, қызметкерлердің жұмысын жеңілдету және толық цифрлық форматқа өту мақсатында «SMART» платформасы жасалды. Бүгінгі таңда «SMART» платформасы адами ресурстарды үнемдеп, адалдық лига талаптарына сай тәуекелдерді азайтып келеді.

Вместе с тем в деятельности преподавателя большую роль играет его имидж, которая несомненно расширяет интеллектуальные возможности.

Имидж - собирательный образ, посредством которого проявляется как внешний, так и внутренний мир человека.

Общество не может обойтись без идеала обаяния, но представления о нем исторически меняются. Современный идеал обаяния характеризуется образованностью и воспитанностью терпимости к человеческому характеру, элегантностью манер, вкусом к одежде, искусным владением словом. Вот почему так велика роль всех функций имиджа. Имидж - полимитрическое явление функционал которого разнообразен. Отрасль современного человековедения и главное его назначение - достичь эффекта личного притяжения. Кто в полной мере владеет функциями имиджа, тому присуще такое душевное состояние, которое называется «магией» расположения.

Деятельность преподавателя немислимо без их доброжелательного, великодушного, духовного облика. Педагогу - куратору очень сложно стать магически привлекательным, но еще больше проблем у тех, кто не стремится

быть таковым. Имиджелогия - это синтез науки и искусства о том, как передать духовному облику преподавателя эффект личного обаяния, какой технологией обладать, умением «светиться» широкой аудиторией студентов.

В масштабе университета создана методико-медиаобразовательное пространство, культура методической службы и сервиса, а также инновационно-технологические условия. В коллективе сформировано атмосфера творческого поиска, заинтересованности, соучастия, сотрудничества, успешности и повышения уровня интеллигентно образованных воспитанных студентов.

В университетском издательстве издаются различные учебники, учебные пособия, сборники научных трудов, лекций, тезисы и многие другие учебно-методические литературы и многие необходимые материалы для учебного процесса.

Внешний и внутренний мир университета радикально изменился. Внутреннее содержание оформлено, оснащено и оборудовано необычно познавательное и по последнему слову наглядной агитацией и пропаганды.

Сама обстановка в университете располагает студенчество быть готовым, «во все оружие», воспринимать огромный поток информации и формироваться медиаграмотным специалистом образованном этапке развития общества.

В этом юбилейном году коллектив профессорско-преподавательский состав и студенчество встречают 80-ти летию ЮКУ им.М.Ауэзова большими успехами в учебно-воспитательной, научно-методической работах, высокими достижениями и в художественном творчестве, а также во многих других сферах деятельности.



**Багов И.Т.**  
Кандидат педагогических наук,  
профессор

массовый профессионально дифференцированный отряд занятой культурным обслуживанием, методической технологией, пропагандой достижения культуры и народного творчества и.т.д. Ядро культурно-досуговой интеллигенции составляют культработники Домов, Дворцов культуры, Клубов, молодежных центров отдыха, профессиональные специалисты: методисты технологи, режиссеры народных театров и художественные руководители творческих коллективов, а также библиотекари музееведы, методических центров культуры и народного творчества и другие.

Вся культурная деятельность по своей природе существо - творческая либо она связана с непрерывным когнитивным процессом самореализации личности. Мы рассматриваем здесь творчество как креативно инновационный. Методический процесс, самореализация человека, раскрытие его способности и таланта позволяет обнаружить реакционных желаний, создание национальных ценностей.

Американский теоретик бизнеса, идеолог делового общения Дейл Корнеги самым важным в преуспевании бизнесе и других менеджеров в деловых сферах роль культуры, обучении культуре и научить культуре успешных людей, либо культурность - это духовное возвышение человека. а духовность - воплощение духа.

Культурная функция нашей интеллигенции: формирование молодежи помимо выше указанных - это общение, поведенческой, экономической, экологической, физической культуры и.т.д.

Вся жизнедеятельность широких масс и в особенности студенческой молодежи является искусством, поэтому ученному педагогу, куратору очень важно владеть искусством воспитания.

Самый главный успех культуры педагогического труда в воспитательной работе является основной тезис: «учитель воспитай ученика, чтобы потом учиться у него».



# КазХТИ. Год рождения - 1943

КазХТИ... Эта звучная, сочная аббревиатура стала символом родства людей, объединенных легендарным Казахским химико-технологическим институтом. Как тепло слышатся и сегодня фразы: Я учусь в технологическом; Я учусь в техе...



Вспоминается август 1977 года. Я, дрожащая и взволнованная, в кабинете у ректора З.М.Мулдахметова. И вот меня, Ахметжанову Гульмиру Анушевну, принимают преподавателем русского языка на кафедре иностранных языков КазХТИ.

В семидесятые-восемидесятые годы на этой кафедре работала блестящая плеяда специалистов. Сокольская Нина Филипповна, а следом за ней Оспанова Х.Т. смогли создать замечательный коллектив преподавателей французского, немецкого, английского, русского языков. Назову имена, которые заставят биться сильнее сердца тех, кому посчастливилось учиться у них: Крамаренко Л.А., Блинова Т.Г., Шауберт Г.Г., Смагаржевская А.Г., Солоха К.А., Ворожейкина Л.К., Ивлева Н., Кирилина В.Д., Краснова Т.С., Шелест Л.С., Гусаконская В.Н., Пушникова В.В., Беркович Е.Л., Зенкова Т.В., Ольферт Э.Э., Губер К.П., Арюкова Д.Х., Хан Е.А., Жандарбекова Н.Ш., Нурабаева А.Б., Губайдулина Н.М., Сухамбердиев А.К., Фоменко С.С., Дербаский В.М., Дунаева Р.И., Гананольская М.М., Баймурзина М., Бизакова Б.К., Лесбекова Л.Ж., к.ф.н. Карибаева Л.Д., к.ф.н. Кульбаева Ф.Т., к.ф.н. Сафарова А.С., к.ф.н. Джаркимбекова Н.К..

В 1979 году Молдабеков Шаяхмет Молдабекович создал отдельную кафедру русского языка, первой заведующей этой кафедры была назначена я. Но карьеры не получилось: годовалый ребенок, семья. Я с облегчением передала бразды правления Калабаевой Розе Анатольевне. Позже возглавила кафедру русского языка Феруза Тасболатовна Кульбаева. Ее кабинет – это был мощный мозговой центр кафедры: скрупулезная бумажная отчетность, филигранная кафедральная документация. Кроме это-

го, ей не было равных в разработке сложнейших сценариев мероприятий, замечательных стенгазет к праздникам и юбилеям. Большой след в истории кафедры оставил Серик Умиралиевич Таукеев. Запомнился всем как уравновешенный, сдержанный человек. Был осторожным, думающим. Разговаривая, взвешивал каждое слово, чтобы не обидеть кого-то ненароком. Лукавая улыбка, которая порой появлялась на лице, сразу сближала его, строгого завкафедрой, с нами, кафедрами. Мы общались с замечательной семьей Серика: супруга Таня была как еще один член кафедры.

Особо хотелось бы отметить лучшую воспитанницу Алию Елеусизовну – Джунисову Айнуру Абдашимовну. Следуя по стопам своего выдающегося Учителя, Айнура Абдашимовна сегодня – гордость кафедры. Знания, опыт, большое трудолюбие стали отправными точками формирования настоящего ученого, талантливого преподавателя.. Мне посчастливилось поработать с к.ф.н., доцентом Еримбетовой Ардак Толепбековной. Она прошла непростой путь от преподавателя до руководителя института. Ее отличал творческий подход ко всему, чем она занималась. На каждом занятии наличие



Алия Елеусизовна Кулумбетова – имя, ставшее легендой. Доктор филологических наук, профессор, создатель направления «Системный анализ текста» – это самое малое, что можно сказать о ней. Алия Елеусизовна жила по своим строжайшим моральным жизненным принципам. Не каждому человеку по силам плыть против течения. А она могла. Клеймила ложь, подлость, несправедливость. Прожив ярчайшие 75 лет, Алия Елеусизовна осталась в сердцах друзей, коллег, студентов, аспирантов человеком удивительной чистоты, выдающимся ученым. Жаль, что не удалось создать на факультете школу профессора А.Е.Кулумбетовой по системному анализу текста.

ствовала межпредметная связь; студенты обучались русскому языку, проигрывая ситуации поведения в быту, общежитии, вузе. Яркая, харизматичная, обладающая высоким интеллектом, умением понимать людей, быть с ними на одной волне, направлять, соперничать... Ардак Толепбековна – это смелый, принципиальный человек. Она отстаивала, четко обосновывая, свои позиции. Например, я глубоко солидарна с ее позицией решительного несогласия с тем, что тестовые экзамены для филологов недопустимы, так как они не позволяют определить реальный уровень знаний будущего педагога. Наша кафедра «Русский язык и литература» сегодня – это перспективная и

уже достигшая весомых результатов кафедра, возглавляемая к.п.н., доцентом Калдыгозовой С.Е. Молодая поросль, пополнявшая коллектив, вносит свой достойный вклад. Но мне бы хотелось рассказать о наших ветеранах. Казына Абеновна – флагман кафедры. Ее занятия – это сплав глубоких знаний и педагогического мастерства. Будучи сама высокообразованной, глубоко интеллигентным человеком, она с огромной ответственностью относится к своей работе.

Многочисленные научные публикации Казыны Абеновны – результат ее неутомимых изысканий в области филологии.

С Яковенко Людмилой Константиновной мы защищали кандидатские диссертации в Алматы в одном диссертационном совете, в один день. В ночь, накануне защиты, мы, как студенты, спали ватом в крохотной комнате съёмной квартиры. Незабываемые дни...

Людмила Константиновна заведовала кафедрой, являя собой пример организованности, ответственности. Ее занятия можно назвать показательными = настолько они были интересными, тщательно подготовленными. Это замечательный человек, обладающий лучшими качествами преподавателя.

Зилиха Усмагамбетовна Миятбекова... Восхищает отсутствием суетливости, торопливости. Всегда улыбающаяся, неспешная, она умеет в самых волнительных ситуациях излучать уверенность, спокойствие и разрешать эти ситуации. Многочисленные научные публикации доцента Миятбековой З.У. поднимают актуальные проблемы сопоставительной грамматики.

Многие годы на кафедре работали Бахыт Махатовна Усупова и Баян Кажыгалиевна Бизакова. Баян Кажыгалиевна была человеком удивительной доброты и порядочности. Студенты для нее были родными. Она знала о них все: их проблемы, достижения, беды и радости. То же самое было свойственно и Бахыт Махатовне Усуповой. Кроме этого, Бахыт Махатовна была гением в области всех бумажно-отчетных дел. Даже со сломанной рукой в гипсе, она печатала сверхсрочно требуемые документы, отчеты. Среди членов кафедры всегда находится неординарный, особенный человек. У нас это была Раиса Костаевна Бабаева. Горделиво шествуя (именно шествуя!) по корпусу, она неизменно с мейкапом и красивой прической, притягивала взгляды и преподавателей, и студентов. Высокая, статная, в изысканных нарядах, Раиса Костаевна изысканно так, словно находилась в великосветском обществе, а не в учебной аудитории. Она и студентов учила говорить спокойно, негромко, используя весь спектр формул речевого этикета. Прошло, промчалось, промелькнуло 46 лет бессменного преподавательского труда в КазХТИ, ЮКТУ, ЮКГУ, ЮКУ им М. Ауэзова ... Спасибо судьбе за эти дни, годы общения с людьми, ставшими для меня родными. Спасибо, КазХТИ! Ты наполнил мою жизнь счастьем.

**Ахметжанова Гульмира Анушевна, кандидат филологических наук, доцент кафедры русского языка и литературы, ветеран. Работает с 1977 года**

# Мемлекеттік тіл мәдениетінің қазіргі мәселелері

М.Әуезов өз заманында қазақ тілінде қалай сөйлеп жүрміз?, - деген толғамды ойларын ортаға салған болатын. Содан бері әлеуметтік қару ретінде қазақ тіл мәдениетінің қуаты бүгінгі тіршілігімізде орасан зор мүмкіндіктерге ие болып отыр әрі қарай да даму үстінде болмақ. М. Әуезовтің атын иемденіп отырған ОҚУ- да тіл мәдениеті, сөз мәдениеті күн тәртібінен түспей келе жатқан күрделі тақырыптардың бірі. Бүгінгі біздің мақаламыздың арқауы да университетіміздің 80 – жылдығына орай М.Әуезов қалыптастырған қазақ тіл мәдениеті жайында болмақ. Қазіргі жаңа қазақтар қазақ тілінде қалай сөйлеп жүр? Жалпы біз ана тілімізде мәдениетті сөйлей білеміз бе?

Бұл мәселе тұрғысынан келгенде Университетіміздің басқарма басшысы – ректор Д.П.Қожамжарова ОҚУ-дың филология, журналистика мамандықтарына «Жалпыхалықтық тіл және оның формалары», «Қазақ әдеби тілінің тарихы», «Көркем әдебиеттің тіл өрнегі», «Тіл мәдениеті», «Сөз мәдениеті», «Қазақтың дәстүрлі сөз саптамасы» т.б. пәндерді таңдауға толық мүмкіндік жасап, өз бақылауынан тыс қалдармай келеді. Университеттің өзге факультетте оқып жатқан студенттері «Абайтану», «Мұхтартану» пәндерін ерекше ризашылықпен қабылдауда.

Тіл мәдениетіне сөздерді дұрыс қолданудан бастап, сауатты жазуға дейін сан түрлі міндеттер жатады. Тіл мәдениеті ең алдымен тілдік норма және оны қалыптастыру мәселелерін қарастырады. Алдымен тілдің коммуникативтік қызметін кеңейту жатса, екінші тілдік лексикалық норма (сөздерді орнымен дұрыс қолдану), синтаксистік (сөйлемді дұрыс құрастыру), орфоэпиялық (сөйлеу барысында дұрыс дыбыстау), лингвистикалық (тілді әсерлі етіп жұмсау), орфографиялық (сауатты жазу) болып жіктелді.

Ойымыздың желісін жалғастыру үшін телеарнадан қазақша берілетін хабарларда кездесетін ақаулардың бір-екеуіне тоқталайық. Дикторлар мен хабар жүргізушілерінің бірқатары орфоэпиялық заңдылықтарды білмейді. Мәселен, «шегара, қыргүйек, көгөнүс, қолғойду, кезкелген, жетігун, соныменғатар, қылғалам» деп дыбыстамайды. Сонымен қатар жүргізушілер Құрманғазының күйі Сары арқа Ықыластың күйі Кері толғау деп хабарлауын қай заңдылықтарға сыйғызуға болады. Бұл жерде айта кететін мәселе біздер, филолог мамандардың өзі орфоэпиялық заңдылықтарды дұрыс қолданбаймыз. Ауызекі сөйлеуде орфографиялық заңдылықтан шыға алмаймыз, буын-дыбыс үндестігін сақтамаймыз. Сондықтан да қазақ тілінің әуезділігі бұзылады.

Бұл күндерде баспасөз беттері мәжіліс-маслихаттарда қазақ тілі туралы айтылып жүрген әлеуметтік ой-пікірлер баршылық. Соңғы жылдары баспасөз беттері мен жиын маслихаттарда мемлекеттік тілдің қолданысы бұзылып барады, түсініксіз жасанды сөздер көбейіп кетті, көптеген кірме сөздердің кейде тіпті төл емлесі бұзылып, әртүрлі жаза бастады, тасымал мен тыныс белгісінен кетіп жатқан катеден көз сүрінеді деген пікірлер жиі айтыла бастады. Мәселен, фразалық тіркестердің бірін жұлып алып, еріксіз сөзге қосақтауға болмайтындығын тіл мәдениетінің бір шарты деп

ескереміз. Асқар сөзінде «биік» деген мағына тұрғанымен, асқар тау, асқар шың, деген фразаларда болмаса асқар үй, асқар адам, асқар телемұра, деген тіркес құруға болмайды. Сол сияқты, қыпша белді, қыпша саусақ деп айта алмаймыз. Саңлақ деген сөз жылқының жүйрігін білдіреді, солай болғанымен де саңлақ ұшақ, саңлақ, машина, саңлақ сауыншы, саңлақ мұғалім деп айтуға болмайды.

Қазір теледидардан түрлі бағдарламалар ашылууда, осы бағдарламаларда жатық сөйлей білетіндердің өзі де жаңағы, мінеки, значит, допустим, вообще, пока, конечно деген сөздерді араластырып жібереді. Бұл сияқты сөздер ана тіліміздің сұрқын қашырып, берекесін алып жүрген ең жиі кездесетін сорақылық, бүгінгі тілімізге жабысқан індет болып отыр. Жақында ғана теледидардан мынадай сөз тіркестерін тыңдадық: «Жемшөп жеткілікті жасақталды», «Астық егілді», «Жанұясына еңбек етіп жүрген жан» т.б. Дұрысы: Жемшөп жасақталмайды, жиналады. Астық егілмейді, егілетін дән немесе дәнек, астық бастырылады. Жанұя жасанды сөз, дұрысы – шаңырық немесе отбасы. Осы орайда айта кететін мәселе Қазақтың бас газеті «Егемен Қазақстанда» Үкімет жасақталды, Депутаттар жасақталды нелесе Министрлер жасақталды деген көңілге қонымсыз тіркестерді көзіміз шалып қалады. Дұрысы – әскер жасақталады, жоғарыдағы сөздердің дұрыс тіркесімі – жаңадан құрылу болмақ.

М. Әуезов өзінің ғылыми баяндамаларында кейбіреулер сөздің сыртқы сұлулығына, яғни дыбысталуы жағынан үндесіп-үйлесіп келетіндігіне қызығып, мағынасы бір-біріне жуыспайтын сөздерді тіркестіреді деген болатын. Осыған дәлел ретінде Оңтүстік өлкесінен шыққан жазушылардың еңбектерінен бірлі – жарым материалдарды көрсетуді жөн санаймыз: Күннен-күнге құбажон қырат, шалқия шалқарды шабындырған шаруакер орақ та оңтүстік өңірінде өрмек жүзінен әлдеқашан-ақ ауып, арналы астық алқабын буылдыр белеңнің бөлек бір күйі кернегендей. Тағы бір мысал: Жасанды Шардара су қоймасы шалғайдағы шағыл құм шырайына шаттық сыйлады. Мұндағы құм шырайы деген қосақталған сөздер. Мұндағы «құм шырайының шаттығы» деп айту тек аллитерация үшін қажет болып тұр. Сөйлемнің стильдік сиқын бұзып тұрған да осы тіркес. Дұрысы аллитерация мен ассонансты жасау үшін төмендегідей тіркестер керек-ақ. «Ш» және «А» дыбысына мән берейік.

Иран шаққа мұңын шақпа Низами Біздің шақта гүл құшақта Низами М. Әуезовтің сөзімен айтқанда бұл жерде «Сөз сөзге өз жарығын түсіріп тұр», келесі мән беріп қарайтын сөйлемдеріміз сөз тіркестерінен өз орнын таппай келеңкесін түсіріп тұрған сөздер болмақ. Осы орайда кейбір образды сөздерді орынды-орынсыз кез келген тұста келтіріп, жауыр етіп жіберетінімізге бірді-екілі мысал келтірейік. Мысалы, «Саңлақ» сөзінің нақты мағынасы – жүйрік дегенді білдіреді. Тек жылқының жүйрігіне ғана айтылса керек. Саңлақ күйші дегеннен гөрі, күйшілердің саңлағы деп айтуға болатын да шығар. Өкінішке орай газет-журнал беттерінен «саңлақ сауыншы, саңлақ малшы, саңлақ құрылысшы» деген сипаттамаларды жиі кездестіреміз.

Тағы бір-екі мысал: «Оның ақ сары жүзінен алаулаған аналық шуағы шашылып тұр». Шуақ алаулама-са керек, өйткені алаулау – қызыл от болып жалындау. Шын мәнінде шуақ – мейірімділіктің, әдеміліктің символы. «Қар кетіп, жер қарайды, сай-сала, тау етектерінде сылдырап аққан судың сүйкімді үні жүйке шымырлатып, өзіне баурап алғандай». Жүйке шымырлату деген бейнелі тіркес өз орнында емес. Ол жағымсыз құбылысқа байланысты айтылса керек. Мағынасы: жаман сөз, жаман хабар, жаман үн т.б. Биыл олимпиада чемпиондары техникалық әдістерді судай сапырды. Судай сапыру – берекесіз сөйлеу дегенді саяды. Бұл күндері қолдан жасалған осы тәрізді «су жаңа мақалдар» көбейіп кетті. Бұл қанатты сөздер өз орнында қолданып тұрған жоқ. Белгілі бір мәтінде фразеологизмдердің дұрыс, бұрыс қолданылғанын олардың ақиқат дүниедегі құрылымымен байланыста қарай отырып, айқындауға болатынына төмендегі мысалдар дәлел болмақ. Қазақ тілінде тігісін жатқыза айтты (сөйледі) деген фразеологизм бар. Ерсі, жайсыз жайды жұмсартып, жуып-шаю туралы айтылады. Бірде радио хабарынан бір азаматтан сұхбат алып отырған тілші: «Бүгінгі сұхбатыңызға рақмет, әңгіменің жүнін жатқыза сөйледіңіз», - дегені бар емес пе? Бұл дегеніміз – фразеологизмдердің табиғатын терең түсінбеуден туындаған мәселе.

Мысалы: Ашішектей созылды деген фразеологизм «ұзаққа созылған, бас-аяғы көрінбейтін, адамды ығыр қылатын баяу іс, әрекет туралы» айтылады. Танымдық санада форматқа түскен құрылымды таратып айтатын болсақ, - жаңа сойылған малдың ішек-қарны тазаланды, әсіресе аш ішек ұзын, жіңішкеуеу болғандықтан, ши жүгіртіп, сумен

«Сөз сөзге жарығын да түсіріп тұрады, келеңкесін де түсіріп тұрады».  
М.Әуезов.



шаю ұзаққа созылып, баяу істеледі. Танымдық тұрғыдан қарасақ жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай тәрізді фразеологизмнің сөз мәдениеті тұрғысынан қазақ тіліне жат екені байқалып тұрады. Өйткені жаңбыр шелектеп жауса да, қазақ даласында саңырауқұлақ қаптап кетпейді, яғни ақиқат өмірде ондай стереотипті ситуация жоқ, денотаты болмағандықтан, ұлттық санада фреймдік құрылымы да жоқ. Диірменіне су құйды деген қолданыс та қазақша емес. «Бір нәрсені өршіте түсу» деген ұғым қазақ тілінде «Отына май құйды» деген фразеологизммен бейнеленеді, өйткені ақиқат өмірде отқа май құйып ырымдайтын стереотипті ситуация болған. Осы денотатпен байланысты тілдік ұжымның санасында фреймдік құрылым түзілген. Орыс тілінде «өте ұқсас, бірінен бірін ажыратуға болмайтын нәрсені» как две капли воды деген екінші номинациямен береді. Біздің жаңа қазақтар осы фразеологизмді «егіз тамшыдай» деп қолданып жүр. Ал қазақ тұрмысында егіз тамшыдан гөрі егіз қозы ұлттық болмысы қасыптасқан, біріне-бірі өте ұқсас, оларды бір-бірінен айыру, тәжірибелі адам болмаса, өте қиын. Қазіргі кезде баспа беттеріндегі егіз тамшыдай деген қолданысты бөтен тілдің дүниелік картинасы болғандықтан сөз мәдениеті тұрғысынан мақұлдауға болмайды. Тіл білімінің академигі – ғалым Рәбиға Сыздық пен ф.ғ.д., профессор Нұргелді Уәлидің ғылыми мақалаларынан тіл мәдениеті мен сөз мәдениетіне қатысты материалдарды көптеп кездестіруге болады.

Қысқаша хабарламамызды түйіндей айтқанда, ана тілімізде ауызша дұрыс сөйлеп, сөз мәдениетін орынды қолдана білсек, қазақ тілінде сөйлеудің әлеуметтік мәні артпақ, сонымен қатар ұлттық астары терең проблема сан рет қайталана бермей қазақ тіл мәдениетінің бір пұшпағы өз шешімін тапқан болар еді. Сауатты жазу тәртібін жолға қою қай саланың мамандары болмасын жалпы сауаттылықтың бір тармағы болса, тіл мәдениетін көтеру 80 жылдық мерейтойын өткізбекші болып отырған М.Әуезов университеті ұжымының қағаз жүзінде емес, іс жүзінде атқаратын алға қойған келелі мәселесі болмақ.

**Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының профессоры, ф.ғ.д., Тілеубердиев Б.М.**

# ҰСТАЗ ҰЛАҒАТЫ

(Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің құрылғанына 80 жыл )

Ұлы Конфуций: «Мен 60 жасымда ғана парасатты адамдарды алдамшыдан ажыратуды үйрендім», - деген. Шынында да, өткенге қарайласаңыз өмірдегі көп нәрсе басқаша реңімен көрініп, мағынасы тереңдей түскендей болады...

Сіз белгілі бір оқиғалар мен істердің маңыздылығын түсіне бастайсыз. Өнегелі, ұлағатты ағалардың қасында болу, солардан үлгі алу басқа берген бақ екенін түсінесіз. Өйткені, біз өзіміз құрметтейтін, жақсы көретін және өмірде ұстазымыз ретінде деп санайтын, солар сияқты болуға ұмтылатын ұстаздардың ықпалында болдық. Сұлтан Тәшірбайұлы Сүлейменов, Ғали Батырханұлы Сәйденнов, Марс Фазылұлы Үркімбаевтар талантты, ақылды, таңғажайып тұлғалар ғой. Бұлар менің алғашқы ұстаздарым.

Қазақ химия-технологиялық институты (ҚазХТИ) сияқты оқу орындары Мәскеу, Ленинград және Қазан қалаларында болды. Мен жолдама арқылы Мәскеуге Менделеев атындағы Мәскеу химия-технологиялық институтына оқуға түсуге мүмкіндік алғандардың қатарынан болдым. Әкем келісті, бірақ анам оны қолдамады, мен Шымкентте қалдым. Анам қатты айтты: «Жалғыз балам. Сен атылғалы тұрған оқ сияқтысың, көз алдымызда осы жерде оқисың» - деді. Мен Шымкентте қалдым. Шымкентте қалғаныма еш өкінбеймін.

70-ші жылдары Қазақ химия-технологиялық институты Кеңес Одағындағы озық, айтулы жоғары оқу орындарының бірі болды. Институт ректоры С.Сүлейменовтің сіңірген орасан зор еңбегінің, қабілетінің арқасында одақ бойынша таңдаулы оқу орнына айналды. Одақ көлеміндегі жоғары оқу орындарының ішінде елге танымал басшы болды. Отыздан асқанда институтқа басшы болған ол еңбек еткен жылдар ішінде тамаша педагогикалық ұжымды қалыптастырып, тәрбиеледі. Сұлтан Тәшірбайұлы кадрларды үнемі назарда ұстап, бақылау қажет екенін түсінетін, сондықтан да ұжымда ерекше, «Сүлейменовтік» көзқарастың қалыптасуы-

на ықпал етті. Әсіресе, жас кадрларға аса қамқорлықпен қарады. Әр маманды мақтан тұтып, олардың өсуіне, кәсіби деңгейде қалыптасуына жағдай жасады. Мәскеу мен Ленинградтың жетекші жоғары оқу орындарынан аспирантураға квота алуға қол жеткізді және ең талантты жастарды сол жаққа оқуға жіберді. Мәскеуге барған кезде, әдетте, оларды жинап, қаржылай материалдық көмек көрсетіп отырды, көбінесе өз қалтасынан жәрдем беретін. Оның қамқорлық істерінен хабардар талантты жас мамандар еліміздің түкпір - түкпірінен осында жұмыс істеуге ұмтылды.

Сұлтан Тәшірбайұлы алдына үлкен мақсат, үлкен таңдау қойып, қашанда не істеу керектігін біліп отыратын. Ол жоғары оқу орнының озық үлгісін жасап, айналасындағыларды осы кеңістікке тартты. Жаңа идеялар мен мақсаттардың жүзеге асып жатқанын көріп, соны орындаған біздердің де еңбекке деген құлшыныстарымыз артты. Адамның ақылы мен парасаты оның айналасындағы азаматтардан көрініп тұрады. Ректор танымал тұлғаларды өзіне жақын тартты. Ө.Жолдасбеков, Г. Сайденнов, М.Үркімбаев, М.Жұрынов, В.Смагоржевский, О.Камардинов, Ш.Сүгіров, Н.Нәдіров сияқты мықты тұлғаларды топтастырып, биікке көтере білді. Оның көптеген әріптестері мен шәкірттері кейін министр, жоғары оқу орындарының ректорлары болды. Қазақ химия -технологиялық институтының ғылыми жетістіктері шетелдерге де танылды.

Мен жұмыс істеген «Байланыстырғыш заттардың химиялық технологиясы» кафедрасын т.ғ.д., профессоры Ия Германовна Лугина басқарды. Ол ғылыми ортада үлкен құрметке ие, әлемге танымал болатын. Ол әріптестерімен, шәкірттерімен бірлесе отырып өз саласында жетекші ғылыми мектеп құрды. Сұлтан Тәшірбайұлы ғылыми зертхананы және «Әйнек пен ситалл (әйнек кристаллды материал)» кафедрасын басқарды. Кафедраның ғылыми еңбектері нәтижесінде өндірілген өнімдері әскери өндірістік кешен-



дерде, космос саласында кеңінен қолданысқа енді. Біз, М.Ержанова, Ким Лин Зу, К.Кәрібаев, О.Балабеков, В.Беспалова, С.Атауов, Т.Әбдіәлиев, А.Көсеубаев, Я.Ферзе, Ш.Ескендіров, Б.Есімов, Ш.Әбубәкірова, А.Войлошникова сынды профессор, доценттерімізді мақтан ететінбіз. Шындығында бұл ғалымдар қазақ ғылымының тарландары еді.

Ректор С.Сүлейменовтың тұсында институттың қуатты материалдық базасы құрылды: үш оқу корпусы, бес студенттік жатақхана, стадион, студенттік кафе және мұғалімдерге арналған тұрғын үй салынып пайдалануға берілді. Сұлтан Тәшірбаевтың бастамасымен басты корпусың алдыңғы беті бірнеше күннің ішінде қайта сыланып, қымбат мәрмәр қабыршық қаптамалармен қапталғаны әлі есімде. Құрылыс бригадасы түнде прожектор жарығында тәулік бойы тер төгіп еңбек етті. Мемлекет бюджетіне қол салмай, шаруашылық есебінен ғимараттың келбетін көріктендіріп, қала орталығы-

ның сәнін келтіріп, ажарын аша түсті. Ол уақытта мұндай көрнекі істерді Сұлтан Тәшірбайұлы Сүлейменов қана атқара алатын.

Институттың барлық аумағы абаттандырылып, оған институт оқытушылары мен студенттер ұжымы үлкен ынтымақпен белсене атсалысты. Айтпақшы, С.Сүлейменов басқарған жоғары оқу орны Одақ бойынша алғашқылардың бірі болып, XX ғасырдың ғажайып электронды микроскобы «Минск - 22» электронды есептеуіш машинасын алды. Айтулы ұстаз мәдениет пен спортқа да үлкен көңіл бөлді. Ол еліміздегі барлық спорттық спартакиадаларды назарына алып бақылап отырды. Талантты жас спортшыларды шақырды, кейіннен олар тек қана институттың намысын қорғап қана қоймай, еліміздің де абройын асқақтатты.

Сұлтан Тәшірбайұлы мен жаттықтырушы Владимир Байдин кейіннен атағы әлемге танымал болған Нелли Кимді тәрбиелеп өсірді. Ол 70- жылдары Надя Каманечи, Людмила Турицева және Ольга Корбут сынды спорттық гимнастиканың жұлдыздарымен қатар өнер көрсетті. 1975 жылы Еуропа чемпионы, КСРО халықтарының абсолютті чемпионы, ал бір жылдан соң Монреальда (1976ж) өткен Олимпиада ойындарының үш дүркін чемпионы болып, КСРО спорт шебері атанды. Біз КСРО халықаралық спорт шебері, бокстан Азия чемпионы Марат Жақсыбаевты мақтан тұттық. С.Сүлейменовтың өзі бокстан КСРО

спорт шебері болды. Жаттықтырушы Марат Тавтиевич Құрманбаев жаттықтыратын волейболшы қыздар одақтық жарыстарға қатысты. Бір сөзбен айтқанда институтта спорт жақсы жолға қойылып, жұрттың аузында жүрді.

Оның ауыл жастары арасынан талантты өнші -күйшілерді таба білудегі қабілеті мен түйсігі қай кезде де таң қалдыратын. Талант иелерін оқуға түсуге шақырып отырды. Институтта студенттердің халық театры мен «Қаз ХТИ-фильм» талантты ұжымы болды. Институт қабырғасында көркемөнерпаздар белсенділігі жоғары дәрежеде аталды. Сол кезде үздік оқитын студент, қазіргі белгілі кәсіпкер, меценат Серік Сейтжанов халық әндерін шебер орындайтын. Сергей Бердалин өзінің қоңыр үнді баритонымен атақты Мүсілім Магомаевтің әндерін орындайтын. Ал зал әрқашан көрермендерге лық толатын.

Комсомолға ерекше ықылас болды. Ол кездерде жоғары лауазымды шенеунікті елемесең де комсомол жетекшілерін танымау мүмкін емес еді. Барлық жоғарғы оқу орнының комсомол ұйымының жетекшілері әркімнің арманы болған аспирантураға дәстүрлі түрде жолдама алатын. Өйткені олар оқу озаттары, жақсы ұйымдастырушылар еді. Маған Марс Фазылович басқаратын комсомол комитеті құрамында жұмыс істеуге сәтін салды, кейіннен Сұлтан Тәшірбаевтің ұсынысымен комсомол комитетінің хатшысы және кафедрада ассистент болып жұмыс істедім.

Сұлтан Тәшірбайұлы эмоционалды, жігерлі, іскер сонымен бірге мейірімді адам болды. Ол әрқашан жастардың бойына қуат дарытып, ықпалына жетелейтін. Сонымен бірге оның бойындағы талапшылдық және адамгершілік қасиеттері өте кең ауқымда еді. Бірде қатаң талап қоя білетін, өзі сыйлайтын лайықты адамдарға қамқорлығын көрсететін жан болды. Қазақ КСР ҒА-ның академигі Евней Арыстанұлы Букетов, сол кездегі Шымкент педагогика институтының ректоры Мырзахан Сәрсенбайұлы Мырзаханов, Қазақ КСР-ның құрылыс материалдары өндірісі министрі Беркімбаев Парімбетұлы Парімбетов сияқты азаматтарды қадір тұтты.

Біз институт өміріне, оның ерекше болмысына тартылғанымыз сонша, Сұлтан Тәшірбайұлын ерекше адам



деп есептейтінбіз. Ол біз үшін құдретті еді. Турашыл мінезінен, қаталдығынан қаймығатынбыз. Онымен сөз таластыруға әркімнің батылдығы бара бермейтін. Өзі көп еңбектеніп, айналасындағылардан да соны талап етті. Ұжым үнемі шығармашық ізденіс пен жұмыстың жаңа әдісін үйлестіру мақсатында жұмыс істеді. Бірде оның кеңсесінде кезекті бір сын ескертпеден кейін жастықтың желігімен (ол кезде 22 жастамын) жұмыстан кету туралы арыз жазуға дайын екенімді айтып, батылдық жасадым. Ол бір сәтке ойланyp, мені үстелге отыруға шақырды. «Есіңде болсын, мен сенің болашағыңнан үлкен үміт күткендіктен екі есе талап етемін, сені өз ұлымдай жақсы көремін, сенің бойыңнан үлкен мүмкіндіктерді аңғарамын, сенен үлкен адам жасағым келеді, ... Мен саған көңіл бөлуді тоқтатқан кезде өтінішіңді жазарсың»- деді.

Бастық ретінде жақсы психолог, ұлағатты ұстаз болды. Мамандық таңдауыма, өмірдегі өз орнымды табуыма Сұлтан Тәшірбайұлының ықпалы зор болды. Мен дүниеге келгенде әжем сол күні ашылған Сәстөбе цемент зауытының құрметіне атымды Зауытбек деп қойыпты. Әкем әскерден келгеннен кейін алғашында эксковаторщик одан кейін партия ұйымының хатшысы болып, осы зауытта жұмыс істеді. Мектепті осы Сәстөбе ауылында бітірдім, ол кезде әкем зауыттың директоры болып істейтін.

Мамандық таңдауыма Сұлтан Тәшірбайұлының ықпалы зор болды. Мен дүниеге келгенде әкем демобилизациядан кейін экскаваторшы, кейін партия ұйымдастырушысы болып жұмыс істеген, сол күні ашылған Сәстөбе цемент зауытының құрметіне менің есімімді әкем Зауытбек деп қойыпты. Мен мектепті Сәстөбе ауылында бітірдім, ол кезде әкем кәсіпорын директоры болып жұмыс істеп жүрген. Сол жылдары мектебіміздің әрбір түлегі осы зауытта жұмыс істеуді армандайтын. Бір күні Сұлтан Тәшірбайұлы жолшыбай біздің үйде қонақ болды. Әңгіме үстінде ол кіс әке жолын жалғастыруды, Қаз ХТИ -де оқып, мамандық алуға кеңес берді. Иә, ол уақытта инженер мамандығы абыройлы қызмет еді. Инженер деген ойлы, ақылмен атқарылатын қызмет. Мен ол кісінің кеңесіне, ақылына құлақ асып, дұрыс жол таңдағанымға разымын.

Өз ісіне шынайы берілген, еңбекқор адамдармен



қарым-қатынасқа үлкен мән беріп, тағдырына қолдау білдіретін, үлгі тұтар нағыз абыз адам. Ректор С.Сүлейменов өзінің жоғары дәрежесіне қарамай әрқашанда барлығын бағалай біліп, шынайы адами қасиеттерімен үлгі болды. Адамдар оны құрметтеп жақсы көрді, сонымен қатар көре алмайтындар да болды. Ұлы Махатма Ганди «Алдымен жетістіктер келеді, сонымен қызғаншақтық қатар жүреді. Ал үлкен табысқа кенелген кезде, жауларың пайда болады» деген еді. Бұл Сұлтан Тәшірбайұлының басынан да өтті. Ол ойға алған мақсаттарын ақырына дейін атқара алмады, кейбіреулердің қызғаншақтығы мен жапқан жаласы, жүйенің жүгенсіздігі себеп болды. Шегені не қағу керек, не суырып тастау керек. Асыл азаматты ешкім де мұқалта алған жоқ. Иә, қоғамның дамуы үшін жүзеге асыратын алпауыт жоспарларын жүзеге асыруға мүмкіндік бермесе де, ол басын имеді. Өкінішке орай өз отанында сәуегейлік жүрмейді ғой. Сонда да, адамның барында оның қасиеттерін қадірлей білейік.

Ол өзін толық сезіне алмады, оған адамдардың көре алмаушылығы, жала және әдеттегідей жүйенің дөрекілігі кедергі болды. Біздің жағдайда «шығыңқы тырнақ не ішке тартылады, не майысады». Олар оны жасытып та, майыстыра да алмады. Қоғам игілігі үшін өмірге әкелетін орасан зор

жоспарларын жүзеге асыруға мүмкіндік бермесе де, басын тік ұстаған күйде кетті. Өкінішке орай, өз Отанында пайғамбарлар жоқ, десе де, өмірімізде лайықты адамдарды бағалап, қамқорлық жасайық... Мәскеу мемлекеттік университетінің ректоры В.А. Садовничиймен

Ұзақ жылдар бойы тиімді басқарудың үлгілері көп қой, солардың бірі -Мәскеу Мемлекеттік университетінің ректоры Виктор Антонович Садовничий. Ол әлемдік деңгейдегі жоғары оқу орнын 31 жыл басқарды. 84 жасқа келген ол өзінің шығармашылық мүмкіндіктері толық екенін мойындатып отыр. Мен ҚР Ресейдегі Төтенше және Өкілетті елшісі қызметін атқарып жүргенде осы жоғары оқу орнында бірнеше рет болып дәрістер оқыдым. В.А. Садовничий басқаратын әлемге танымал жоғы оқу орны Ресейдің өзін-өзі басқаратын оқу орны статусын алып, бірегей ғылыми-білім беретін кешенге айналған.

Академик С.Т. Сүлейменовті құрмет тұтқан избасар шәкірттері, Серік Сейтжановтың ұйымдастыруымен Қазақстан мен Орта Азияның аймақтық инженер кадрлары оқу ордасы Қаз ХТИ алдына ескерткіш орнатты.

**Зауытбек Тұрысбеков,  
С.Т. Сүлейменовтың  
шәкірттерінің бірі.**

## М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетіне 80 жыл



Қазақстан бүгінгі таңда сапалы білімімен көзге түскен елдердің бірі болып табылады. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев білімге көп көңіл бөлуде. Біз оны әлемдік стандартқа сай салынып жатқан түрлі мектептер мен жоғарғы оқу орындарынан байқаймыз. Сондай университеттердің бірі – Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті. Қазақтың оңтүстік өңіріндегі университет – іргелі білім ошағы, ғылым мен мәдениеттің орталығы, халқымыздың заңғар перзенттері қызмет еткен, талай талантты ұл-қыздарымызды тәрбиелеп шығарған қара шаңырақ. Ғылым мен қоғам қайраткерлерінің бірнеше буынын тәрбиелеп шығарған алтын ұямыз биыл 80 жылдық мерекесін тойлайды.

**80** жылдық тарихы бар білім ордасы бүгінгі күні биік тұғырдан көрініп, осы 80 жыл мерзім ішінде мыңдаған жоғары білікті мамандарды даярлап, білім беру саласында орасан зор тәжірибе жинақтады. Қазақстандағы танымал университет ретінде қалыптасу жолында күрделі және үлкен белестерден өтті. Университет ретінде алғашқы қадам басу кезеңі мемлекетіміздің қалыптасу кезеңдерімен тығыз ұштастық келді. Түлектері тек қана Қазақстан Республикасының аймақтарында ғана емес, сонымен қатар таяу және алыс шетелдерде қызмет атқарып жүргенін және жоғары біліктілік, жауапкершілік, білімдарлық көрсетіп, ерекшеленетіндерін үлкен мақтанышпен атап өту қажет.

Мен 2013-2017 жылдар аралығында М. Әуезов атындағы ОҚМУ-де «Су ресурстары және суды пайдалану» мамандығы бойынша білім алдым. Аталған жоғарғы оқу орнын аяқтап, мемлекетіміздің дамуына өз үлесімді қосу мақсатында мемлекеттік қызметке аяқ бастым. Бүгінде Түркістан облысы Ауыл шаруашылығы басқармасының Су ресурстары бөлімінің басшысы қызметін атқарудамын. Мұның барлығы аталмыш университеттен алған білімімнің нәтижесі деп білемін. Менің өмірден өз орнымды тауып, тұлға ретінде қалыптасуыма ықпал еткен университет пен ұстаздарыма алғысым шексіз!!!

Киелі шаңырақтың мәртебесі өсіп, еліміздің алдыңғы қатарлы оқу орындарының төрінен көріне білсін! Болашақ ұрпақтың алар білімі мықты болсын дегім келеді. Жайнап, көркейе бер алтын ұям!

**Сәдібек Кәппан Оразгелдіұлы, Түркістан  
облысы Ауыл шаруашылығы басқармасының Су  
ресурстары бөлімінің басшысы**



Оқытушылар мен білім алушылардың ондаған жылдар бойы қалыптастырған дәстүрлерін, университеттің жинақталған әлеуетін сақтай және арттыра отырып, университет ұжымы еліміздің инновациялық дамуы мен бәсекеге қабілеттілігіне айтарлықтай теориялық және практикалық үлес қоса алатынына терең сенім білдіре аламын.

Оқытудың жоғары деңгейі мен озық білім беру ақпараттық технологияларын енгізудің арқасында университет түлектері сапалы, заманауи білім алуда. Университеттің өзіне тән ерекшелігі – көпсалалылығы, мамандарды даярлаудағы ұтқырлығы, білім беру және зерттеу процестерінің тығыз өзара іс-қимылы, терең мамандануы.

Біздің компания кеңейіп өсе келе, М.Әуезов атындағы ОҚУ-мен ынтымақтастықты дамытуға көп көңіл бөледі. Компания, университетпен бірге тығыз қарым-қатынас нәтижесінде елдің жарқын болашағы болып табылатын білікті кадрларды даярлауға, Қазақстанның машинажасау саласын дамытуға жан-тәнімен және қызығушылықпен қарайтын талантты жастарға инвестиция жасауға дайын екендігін айта кетсек болады.

2016 жылы біздің компания үшін маңызды оқиға Түркістан облысының кәсіпкерлер палатасы мен М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті арасындағы ынтымақтастық нәтижесінде, Қазақстанда 2014 жылдан бастап іске қосылған «Дуальді оқытудың Жол картасы» бағдарламасы бойынша оқытудың заманауи дуалды жүйесін жүзеге асыру болды. Осылайша, 2016 жылдың қыркүйегінен бастап дуальді жүйе бойынша компанияда ОҚУ «Механика және машинажасау» кафедрасының 3-ші курсының 26 студенті оқуын бастады.

Студенттер өндірістік цехтар мен бөлімдерге, үш ай сайын компанияның басқа да құрылымдық бөлімшелеріне, тереңірек практикалық білім алу үшін ауысу мүмкіндіктеріне жағдай жасалынды. Сонымен қатар, студенттер компания есебінен түскі аспен және ай сайынғы стипендиямен қамтамасыз етілді.

Дуальді оқыту бағдарламасының мақсаты кәсіпорындар мен оқу орындарының тығыз өзара іс-қимылы негізінде білікті мамандарды даярлау болып табылады. Компания үшін бұл өзінің барлық талаптарына барынша сәйкестігін қамтамасыз ете отырып, өз бейініне арнайы мамандар даярлау мүмкіндігі. Бағдарлама барысында компанияға оқу бітірген соң ең жақсы

**ОҚУ - 80 ЖЫЛ !!!**

«KARLSKRONA LC AB» ЖШС компаниясы және өз атынан М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің білім алушыларын, оқытушыларын, қызметкерлері мен түлектерін университетіміздің 80 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын.



мамандарды таңдау мүмкіндігі пайда болды. Бұл оқу әдісі студенттерді өздері үшін оқуға ынталандырады. Жастар үшін бұл кәсіби тәуелсіздікке ерте қол жеткізудің және ересек өмірге ауыртпалықсыз бейімделудің тамаша мүмкіндігі. Оқу барысында олар кәсіпорындағы жұмысы үшін ақшалай сыйақы алады, ал оны бітіргеннен кейін өздері жақсы меңгерген жұмысқа орналасады. Дуальді оқу жүйесі нақты еңбек міндеттерін орындауды ғана үйреніп қоймай, алдағы уақытта ұжымда жұмыс істеу қабілетін дамытады, әлеуметтік құзыреттілік пен жауапкершілікті қалыптастырады.

Ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылғаннан бері біздің серіктестігіміз ұзақ және жемісті жолдан өтті. Осы ынтымақтастық арқылы Әуезова университеті студенттерін мақтанышпен айта алатын, теориялық білім беріп қана қоймай, кәсіпорындағы практикалық жұмыс тәжірибесін ұсынатын алатын жетекші білім беру орталықтарының біріне айналды. Бұл білім алушыларға өндіріс процестерін жақсы түсінуге, кәсіби дағдыларды дамытуға және біздің саладағы болашақ мансапқа дайындалуға мүмкіндік беріп келеді.

Сондай-ақ, университетпен серіктестік аясында біздің компания жаңа технологиялар мен материалдарды әзірлеуге бағытталған түрлі зерттеу жобаларына белсенді қатысатынын атап өткіміз келеді. Бұл бізге өз саламыздың алдыңғы қатарында қалуға және заманауи талаптарға сәйкес келетін инновациялық өнімдерді жасауға мүмкіндік береді.

80 жылдық мерейтойға байланысты, біз М. Әуезов университетіне ұзақ және жемісті ынтымақтастығымыз үшін алғысымызды білдіргіміз келеді. Біздің серіктестігіміз жалғасады және дамиды деп үміттенеміз, бұл өз кезегінде студенттерді оқытуда жаңа мүмкіндіктер ашып, ғылым мен техника саласында бірлесіп жұмыс істеуімізге серпін береді деп ойлаймыз.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетіне одан әрі шығармашылық табыстар, жаңа жетістіктер мен өркендеуді тілейміз! Біздің серіктестігіміз өз жемісін беріп, білім мен өнеркәсіптің дамуына ықпал ете берсін!

**Құрметпен,  
«KARLSKRONA LC AB» ЖШС  
Бас директоры Алпысбаев Т.С.**

Меншік иесі: Коммерциялық емес Акционерлік қоғам «М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті»  
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінде тіркеліп, 451-Г куәлігі берілген Астана қаласы, 10 қараша 1998ж.

Редакциялық кеңес:  
Қожамжарова Дария Пернешқызы -  
М.Әуезов атындағы ОҚУ Басқарма Төрағасы-Ректор  
Нұрманбетов Қайрат Энбекшиевич - бірінші проректор  
Бейсенбаев Садыбек Қалмаханұлы - қоғаммен байланыс және мәдениет жөніндегі проректор  
Дизайнер: Наиля Заббарова

Редакция мекенжайы:  
Шымкент қаласы, Тәуке хан даңғылы, 5,  
бас ғимарат, 2 қабат, 263 каб.,  
gazeta@aeuzov.edu.kz  
ЖК «Print Sap» баспаханасында басылған.  
г.Шымкент, ул.Алимулова, дом 22  
Таралымы 1000 экз. Тапсырыс №2911